



**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті
АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ К.ЖУБАНОВА**

Кітапхана – Библиотека

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
2026 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН
ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН
КҮНДЕР ТІЗБЕГІ**

**КАЛЕНДАРЬ
ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫХ И ПАМЯТНЫХ ДАТ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
НА 2026 ГОД**

Ақтөбе - 2025

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

Зерттеушілерді қолдау офисі

***ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША 2026 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ
ЕСКЕ АЛЫНАТЫН
КҮНДЕР ТІЗБЕГІ***

ӘОЖ 323/324(574)
КБЖ 66.3(5Қаз)
Қ 14

Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша 2026 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбегі / бас. жауапты Жумабаев Қ.С., құраст.: Шадманова Г.Қ. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы. 2025. – 154 бет.

АЛҒЫ СӨЗ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ғылыми кітапханасының зерттеушілерді қолдау офисі 2026 жылға арналған «Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша 2026 жылы аталып өтілетін және еске алатын күндер тізбегін» дайындап шығарды.

Күнтізбеге тарихи, рухани және мәдени маңызы бар оқиғалар, мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюына зор үлес қосқан, халыққа кеңінен танымал қайраткерлердің, ғылым мен өнердің көрнекті қайраткерлерінің мерейтойлары енгізілді. Сонымен қатар, қазақстандық Кеңес Одағы Батырларының мерейтойлық күндері, Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндер берілген.

Күнтізбе хронологиялық ретпен жүйеленген. «Туған күні, айы белгісіз қайраткерлер, мекемелер мен тарихи оқиғалар тізімі» жеке топтастырылған. Жұлдызшамен (*) белгіленген күндерге қысқаша анықтама жазылды. Көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіші берілген.

Күнтізбе кітапханалар мен мәдени мекемелерге, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне және көпшілік қауымға арналған.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
2026 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ
ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР ТІЗБЕГІ**

ҚАҢТАР

- 1 қаңтар*** **Қапан Мусин**, композитор, Қазақстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері, туғанына 105 жыл (1921-1970)
- 6 қаңтар*** **Қанат Айтбаев**, әнші, туғанына 55 жыл (1971)
- 7 қаңтар*** **Талғат Мұсабаев**, екінші қазақ ғарышкері, туғанына 75 жыл (1951)
- 11 қаңтар*** **Жұбаназар Асанов**, филология ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 75 жыл (1951)
- 14 қаңтар** **Бақыт Басығараев**, домбырашы, сазгер, термеші, туғанына 100 жыл (1926-2001)

АҚПАН

- 9 ақпан*** **Мұқағали Мақатаев**, ақын, туғанына 95 жыл (1931-1976)
- 12 ақпан*** **Сара Назарбаева**, қоғам қайраткері, «Бөбек» балалар қайырымдылық қорының президенті, туғанына 85 жыл (1941)



- 19 ақпан*** **Салық Зиманов**, заң ғылымының докторы, қоғам қайраткері, профессор, туғанына 105 жыл (1921-2011)
- 22 ақпан*** **Бексұлтан Нұржекеұлы**, жазушы, туғанына 85 жыл (1941)
- 28 ақпан*** **Жамбыл Жабаев**, ұлы ақын, жырау, туғанына 180 жыл (1846-1945)

НАУРЫЗ

- 12 наурыз*** **Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының** құрылғанына 95 жыл (1931)
- 18 наурыз*** **Ұзақбай Құлымбетов**, мемлекет қайраткері, туғанына 135 жыл (1891-1938)
- 22 наурыз*** **«Жас Алаш» газетінің** алғашқы саны 105 жыл бұрын жарық көрді (1921)
- 24 наурыз*** **Кеңесбай Мұсаев**, филология ғылымының докторы, профессор, туғанына 95 жыл (1931-2020)
- 25 наурыз** **Итемген Байманов**, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, туғанына 95 жыл (1931-1988)



СӘУІР

- 1 сәуір*** **Мәрзия Жақсығарина,** суретші-экслибрист, туғанына 65 жыл (1961)
- 5 сәуір*** **Өмірзақ Айтбаев,** филология ғылымдарының докторы, туғанына 90 жыл (1936-2020)
- 5 сәуір*** **Ажар Жұбанова,** биология ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 85 жыл (1941)
- 13 сәуір*** **Зияш Қалауова,** ақын, туғанына 105 жыл (1921-1952)
- 24 сәуір*** **Қабдеш Жұмаділов,** Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлық лауреаты, туғанына 90 жыл (1936)
- 29 сәуір*** **Ахмет Жұбанов,** педагог, композитор, фольклорист, музыка танушы, қоғам қайраткері, туғанына 120 жыл (1906-1968)

МАМЫР

- 6 мамыр*** **Жақсылық Үшкемпіров,** Мәскеу олимпиадасының чемпионы, спорт шебері, туғанына 75 жыл (1951-2020)
- 6 мамыр*** **Ілия Жақанов,** жазушы, композитор, туғанына 90 жыл (1936)



15 мамыр* **Бәкір Тәжібаев**, ақын, сазгер, драматург, өнер қайраткері, туғанына 100 жыл (1926-1994)

18 мамыр* **Олжас Сүлейменов**, ақын, қоғам қайраткері, туғанына 90 жыл (1936)

20 мамыр* **Мұхтар Арынов**, профессор, ғалым, туғанына 90 жыл (1936-1995)

22 мамыр **Николай Королев**, Кеңес Одағының батыры, туғанына 105 жыл (1921-1943)

МАУСЫМ

9 маусым* **Өмірзақ Озғанбаев**, педагог, философия және тарих ғылымдарының докторы, туғанына 85 жыл (1941)

15 маусым* **Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы**, құрылғанына 25 жыл (2001)

ШІЛДЕ

4 шілде* **Ермек Серкебаев**, әнші, Қазақстанның халық әртісі, туғанына 100 жыл (1926-2013)

17 шілде* **Латиф Хамиди**, композитор, туғанына 120 жыл (1906-1983)



27 шілде*

Тоқтар Әубәкіров, тұңғыш қазақтың ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, туғанына 80 жыл (1946)

ТАМЫЗ

25 тамыз*

Марфуға Айтқожина, ақын, туғанына 90 жыл (1936)

ҚЫРКҮЙЕК

1 қыркүйек*

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік Мұрағаты, құрылғанына 105 жыл (1921)

15 қыркүйек*

«Ақиқат» журналының жарық көргеніне 105 жыл (1921)

27 қыркүйек*

Григорий Мясоедов, Кеңес Одағының батыр, туғанына 125 жыл (1901-1943)

29 қыркүйек*

Қазақ радиосы, құрылғанына 105 жыл (1921)

ҚАЗАН

10 қазан*

Қасым Аманжолов, қазақ ақыны туғанына 115 жыл (1911-1955)

15 қазан*

Сайын Мұратбеков, жазушы Қазақстанның қайрат сіңірген қайтраткері туғанына 90 жыл (1963-2007)



ҚАРАША

2 қараша* **Ыбырай Алтынсарин**, ғұлама ағартушы,
жаңашыл педагог, туғанына 185 жыл
(1841-1889)

16 қараша* **Манаи Қозыбаев**, тарих ғылымының докторы,
профессор, туғанына 95 жыл (1931-2002)

ЖЕЛТОҚСАН

16 желтоқсан* **Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне**
35 жыл (1991)

21 желтоқсан* **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына,**
35 жыл (ТМД) (1991)



ТУҒАН КҮНІ, АЙЫ БЕЛГІСІЗ ҚАЙРАТКЕРЛЕР, МЕКЕМЕЛЕР МЕН ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР ТІЗІМІ

- **Абылай хан**, туғанына 315 жыл (1711-1781)
- **Ақылбай Абайұлы**, туғанына 165 жыл (1861-1904)
- **Ахмет ишан Оразайұлы**, діни қайраткері, туғанына 165 жыл (1861-1926)
- **Бөлтірік Әлменұлы**, әйгілі шешен, туғанына 255 жыл (1771-1854)
- **Дина Нұрпейісова**, атақты композитор, күйші, Қазақстанның халық артисі, туғанына 165 жыл (1861-1955)
- **Кердері Әбубәкір**, ақын, туғанына 165 жыл (1861-1903)
- **Шығанақ Берсиев**, атақты тарышы-диқан, туғанына 145 жыл (1881-1944)
- **Қазанған Байболов**, халық ақыны, туғанына 135 жыл (1891-1945)
- **Кейкі батыр**, туғанына 155 жыл (1871-1923)
- **Әлихан Бөкейханов**, қазақ халқының ғалымы және қоғам қайраткері, публицист, аудармашы, туғанына 165 жыл (1866-1937)
- **Құрманғазы Сағырбаев**, қазақтың халық композиторы туғанына 220 жыл (1806-1879)



- **Исатай Тайманұлы**, ұлттық батыр, 1836-1838 жылдардағы Батыс Қазақстан аймағында өрбіген ірі ұлт-азаттық көтерілістің басшысы, туғанына 230 жыл (1791-1838)
- **Бөкей хандығының** құрылғанына 225 жыл (1801)
- «**Еңбекші қазақ**» газетінің шыққанына 105 жыл (1921)
- **Жалаңтөс Баһадұр**, қазақтың ірі қолбасшысы, туғанына 450 жыл (1576-1656)
- **Қабак Айтұлы**, Ноғай ордасының билеушісі, би, туғанына 415 жыл (1611-1689)
- **Қайдауыл батыр Едігеұлы**, тарихи тұлға, туғанына 260 жыл (1766-1839)



МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КҮНДЕРГЕ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА

1 қаңтар

**ҚАПАН МУСИН туғанына
95 жыл (1921-1970)**

Композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Қапан Мусин 1921 жылы Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында дүниеге келген. Алғаш рет домбыра тартуды халық ақыны болған Халимадан (Халима Өтеғалиева) үйренген. Қапан Мусин 1934 жылы Алматы музыкалық техникумына түсіп, кейін 1939 жылы Мәскеу консерваториясының жанындағы қазақ студиясында оқыған. 1942 жылдан КСРО Композиторлар одағының мүшесі. 1941-1943 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысты. 1954 жылы Қазақ консерваториясының Е.Г. Брусиловский класы бойынша бітірген. 1943-53 жылдары Қазақтың халық аспаптар оркестрінде және Қазақ драма театрында дирижерлік етті.

Дарынды композитор Қапан Мусин көптеген симфониялық поэма, кантата, ән, хорға арналған шығармалар, кинофильмдер мен спектакльдерге арнап музыка жазды. «Гүлденген Қазақстан» атты бірінші және үш бөлімді екінші симфониялар, «Жайлауда», «Халықтар бақыты үшін», «Колхоз тойы» секілді адуынды симфониялық поэмалар қалдырды. Оның 1967 жылы жазған «Таң Шолпан» операсы соңғы аяқталмаған ірі шығармасы болып қалды.



6 қаңтар

ҚАНАТ АЙТБАЕВ
туғанына 55жыл (1971)

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының Жұрын совхозында дүниеге келген. Патриоттық «Ақ тілек», «Астана вальсі», «Ақтөбем – алтын ән қалам», лирикалық стильдегі «Келмедің», «Ақ жүрек анама», «Балапаным», «Қыз мұңы», «Қос жүрек» секілді, т.б. 30-ға тарта әндердің авторы. 2005 жылы облыс әкімі сыйлығының, 2006 жылы «ҚР мәдениет қайраткері» атағының иегері. Республикаға танымал әнші, композитор, продюсер.

7 қаңтар

ТАЛҒАТ МҰСАБАЕВ
туғанына 75 жыл (1951)

Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев 1951 жылы 7 қаңтарда Алматы облысы Жамбыл ауданында дүниеге келген. Рига азаматтық авиация инженерлері институтын және Ақтөбе жоғары ұшқыштар училищесін бітірген.

Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұшқыш-ғарышкері, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы және Ресей Федерациясының Батыры, авиация генерал-лейтенанты, гимнастикадан және ұшақ спортынан КСРО спорт шебері, КСРО чемпионы, техника ғылымының докторы, «Экология» Қазақстан халық академиясының академигі. Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Америка Құрама Штаттары облыстарының, қалаларының, аудандарының Құрметті азаматы.

1987 жылдан АН-2 ұшағының 2-ұшқышы, командирі, 1989 жылы Ульяновск қаласындағы ұшқыштар, диспетчерлер және инженер-техник кадрлар дайындау орталығын бітіріп, Алматы біріккен авиаотрядының 1-ұшу отрядында ТУ-134 ұшағының 2-ұшқышы болды. 1990 жылы Ю.А.Гагарин атындағы ғарышкерлер дайындау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кіріскен.



1991 жылы оған «Ғарышкер-сынақшы» санаты берілген. 1994 жылғы маусымның 1-інен қарашаның 4-не дейін «Союз-ТМ» ғарыш кемесінің борт-инженері ретінде ғарышта болып, 2 рет ашық ғарыш кеңістігіне шықты. Ұшу кезінде қазақстандық ғылыми-зерттеулердің 2-бағдарламасын орындады. 25-негізгі экспедиция бағдарламасы бойынша 1998 жылы қаңтардың 29-ы мен тамыздың 25-і аралығында «Союз-ТМ-27» және «Мир» ғарыш кемелерінің командирі ретінде ғарышта болды. Ұшу кезінде 5 рет ашық ғарыш кеңістігіне шықты.

Бұл сапар барысында ғылыми-зерттеулер мен эксперименттердің 3-бағдарламасы орындалды. 2001 жылғы сәуірдің 28-і мен маусымның 6-ы аралығында «Союз-ТМ-32» ғарыш кемесімен Халықаралық ғарыштық стансасына барған бірінші экспедицияның экипаж командирі міндетін атқарды. Бұл ұшу кезінде ғылыми-зерттеулер мен эксперименттердің 4-бағдарламасы орындалды. 2003-2005 жылдары – Ю.А.Гагарин атындағы Ғарышкерлер дайындау орталығының топ командирі. 2005-2007 жылдары - «Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны» акционерлік қоғамының бас директоры. 2007 жылы 11 ақпаннан 11 сәуірге дейін Қазақстанның әуе-ғарыш агенттігінің директоры қызметтерін атқарған. 2007 жылдың 11 сәуірінен – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы қызметін атқарды.

2014 жылдың 14 тамызынан бастап ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитетінің төрағасы. І дәрежелі «Барыс», Отан, Халықтар достығы, Австрияның «Күміс Қыран», Ресейдің «1 дәрежелі Ұлы Петр» ордендерімен, көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



11 қаңтар

ЖҰБАНАЗАР АСАНОВ
туғанына 75 жыл (1951)

Жұбаназар Асанов 1951 жылы Шалқар ауданының Қопасор елді-мекенінде дүниеге келген. 1967 жылы Шалқар қаласындағы қазақ орта мектебін бітірген. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика, қазақ филологиясы факультеттерін тәмамдаған. 1980-84 жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясында, 1984-90 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болды. 2002 жылы филология ғылымдарының кандидаты дәрежесіне «Ырғыз, Шалқар өңірі ақындарының мұрасы» тақырыбымен диссертация қорғады. 1999-2004ж.ж. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде, 2004 жылдан бастап Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында аға оқытушы, доцент, қазақ әдебиеті кафедрасының, Аймақтық әдебиеттану зертханасының меңгерушісі т.б. қызметтер атқарып келеді. 100-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Көркем шығармалары, драматург А.Өтәлиевпен бірігіп жазған «Мөңке би» атты екі бөлімді трагедиясы «Жұлдыз» журналында жарияланды.

9 ақпан

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
туғанына 95 жыл (1931-1976)

Мақатаев Мұқағали Сүлейменұлы (1931 жылы дүниеге келіп, 1976 жылы дүниеден өткен. Шын аты Мұхаммедқали) – қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын, өз заманында лайық бағасын ала алмаса да өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақиық ақын.

Ол 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы, қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Алайда, құжаттар бойынша ақынның туған күні ақпанның 9 жұлдызында тойланады. Бұған тиісті ақынның анасы Нағиман апа былай деген: «Мұқағалиім 1931 жылы наурыз айының 8-де дүниеге келген болатын.



Жаңылысуым мүмкін емес. Себебі балам мынау фәнидің есігін ашқаннан біраз уақыт кейін Наурыз тойы болады, наурыз көже жасаймыз деп күтіп отырғанбыз».

Аз ғұмыры ішінде бірнеше лирикалық жыр жинағы мен дастандарын ұсынған. Жыр аудармасы саласында Шекспирдің сонеттерін, Дантенің «Құдіретті комедиясын» қазақшалады. Ақынның «Саржайлау», «Сөнбейді әже, шырағың», «Кел, еркем, Алатауыңа» өлеңдеріне сазгер Н.Тілендиев ән шығарған. Ол 1976 жылдың 27 наурызында Алматыда дүниеден өткен.

12 ақпан

САРА НАЗАРБАЕВА
туғанына 85 жыл (1941)

Сара Алпысқызы Назарбаева (туған тегі — Қонақаева; 12 ақпан 1941 жыл, Қызылжар, Бұқар жырау ауданы, Қарағанды облысы) — қазақстандық қоғам қайраткері, Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың әйелі, Қазақстанның тұңғыш бірінші ханымы. Білімі жоғары, мамандығы инженер-экономист. Арғын тайпасының Қуандық руының Мұрат бөлімінен шыққан.

Сара Алпысқызы «Бөбек» қайырымдылық қорының негізін қалаушы. Қор көмекке зәру панасыз балаларды өз қамқорлығына алып, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тұрғысына білім алып, тәрбиеленуіне мән береді. Қазақстанның бірінші ханымының бастамасымен елімізде жетім балаларды қорғау туралы Заң қабылданды. Осының нәтижесінде республиканың барлық өңірінде жетім балалар үшін отбасылық үлгідегі балалар қалашықтары құрылып, «Үміт», жасөскіндер үйлері ашылды.

Президент зайыбы «Өзінді өзің таны» атты балаларға рухани-адамгершілік білім беру және тәрбие беру идеясының авторы болып табылады.



Салық Зиманұлы Зиманов 1921 жылы 19 – ақпанда Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында туған, сонда 1938 жылы Жамбыл атындағы орта мектепті бітіріп, Форт-Шевченко қаласындағы қазақ орта мектебінде математика мен физика мұғалімі болып жұмыс жасады, сол жерде бір жылдан кейін әскерге шақырылып, Грузияда әскери борышын өтеп, соғысқа қатысты. 1941 жылдың қыркүйегінен Салық Зиманұлы оңтүстік және солтүстік Қапқаз, Степной, Воронеж, 2-украина және 2-белорус майдандарында соғысқа қатысты. Әскери жолдастарымен Бугтан, Днепрден, Одерден өтті.

1943 жылдың желтоқсанынан соғыстың соңына дейін 5-танк армиясында 8-механикалық корпуста болды. Соғыстың басында дивизион командирі, содан кейін 615-минометтық полктың саптық бөлімі командирінің орынбасары, ал, соғыстың соңғы айларында 66-механикалық бригаданың артиллерия бойынша командирінің орынбасары болды. Төрт рет жараланған ол соғысты Германияда Эльба өзенінде аяқтады. Соғыс аяқталғаннан кейін бір жылдан соң С.Зиманов артиллериялық полк штабының бастығы бола тұра әскерден қайтты. Әскери зор еңбектері үшін Ұлы Отан соғысының

I дәрежелі орденімен, «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Қапқазды қорғауға қатысқаны үшін», «Кенигсбергті алудағы ерлігі үшін» және т.б. медальдарымен марапатталған.

Салық Зиманұлын Қазақстанның жоғары заң және құқықтық ғылымының патриархы деп атайды. Өткен ғасырдың 50-60-жылдары ол кеңестік дәуірге дейінгі Қазақстанның негізгі саяси және құқықтық тарихына арналған ірі зерттеулер жүргізді.



Бексұлтан Нұржекеев - 1941 жылы 22 ақпанда бұрынғы Талдықорған облысының Жаркент ауданында туған. Орта мектепті бітірген соң, екі жыл «Көктал» қой кеңшарында жұмысшы болып істеген. 1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. 1965 – 68 жж. Талдықорған облысының Панфилов ауданына қарасты Үшарал орта мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, 1968 – 69 жж. Панфилов аудандық комсомол комитетінің екінші, бірінші хатшысы, 1969 – 72 жж. Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің нұсқаушысы қызметтерін атқарған. 1972 жылы «Жалын» альманахы проза бөлімінің меңгерушісі, 1973 – 76 жж. «Жұлдыз» журналының бөлім меңгерушісі болды. 1976 – 79 жж. «Жалын» баспасы бас редакторының орынбасары, бас редакторы, 1989 – 92 жж. «Парасат» журналының бас редакторы болды. 1992 жылдан «Жалын» баспасының директоры.

Алғашқы повесі 1968 жылы «Кінәлі махаббат» деген атпен «Жұлдыз» журналында, «Бір өкініш, бір үміт», «Жау жағадан алғанда» т.б. көптеген кітабы шықты. «Өзендер өрнектеген өлке» атты тарихи-этнографиялық эссесі жарық көрді.

Жазушының шығармашылық жетістіктері туралы әр кезде Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары, сыншы Мұхаметжан Қаратаев, жазушы Оралхан Бөкей, ғалым-жазушы Акселеу Сейдімбек, жазушы-драматург Дулат Исабеков, сондай-ақ сыншылар Х.Әдібаев, Ж.Дәдебаев; Т. Сыдықов, А.Ісмақова, Г.Пірәлиева, С.Жұмабеков, Ә.Меңдеке тағы басқалар жоғары баға бере отырып жазды.

Жазушының жекелеген шығармалары ұйғыр, татар, эстон, өзбек, саха тілдеріне аударылса, орыс тілінде «В ожидании» романы, ағылшын тілінде «Күтумен кешкен ғұмыр» романы, «Шыңғысхан – қазақ жауынгері» және «Кінәлі махаббат» шығармалары жеке-жеке кітап болып шықты. Қытайда «Темір қақпан» деген әңгімелері мен повестері жарық көрді.



«Бір өкініш, бір үміт» түрік тіліне аударылып, кітап болып шықты.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерімен және бірнеше медаль-дармен марапатталған. Халықаралық «Алаш» әдеби және Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың иегері. Алматы облысының және Панфилов ауданының Құрметті азаматы. «Ай, дүние-ай!» атты романы үшін 2016 жылы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Қазақстанның Құрметті жазушысы (2019).

Шығармалары: Күй толғақ. Әңгімелер мен повестер. А., «Жазушы», 1972; Күтумен өткен ғұмыр. Әңгімелер мен повестер. А., «Жазушы», 1974; Бір ғана махаббат. Әңгімелер мен повестер. А., «Жазушы», 1982; Өзендер өрнектеген өлке. Тарихи-этнографиялық эссе. А., «Жалын», 1984; В ожиданий. Роман. А., «Жалын», 1985; Ерлі-зайыптылар. Роман. А., «Жазушы», 1987; Жау жағадан алғанда. Роман. А., «Жалын», 1993; Әйел жолы – жіңішке. Әңгімелер мен повестер. Роман. «Жалын», 1998; Ой ұшқын. А., 2003. «Өзендер өрнектеген өлке»; 13 томдық шығармалар жинағы(2014); «Әй, дүние-ай!» романы (2015).

28 ақпан

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ
туғанына 180 жыл (1846-1945)

Жамбыл Жабайұлы – қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы. Туған жері – Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі. Топырақ бұйырған жері – Алматы облысының Ұзынағаш елді мекені. Шыққан тегі – Ұлы жүз Шапырашты тайпасының ішіндегі Екей руы.

Жамбылдың өсіп-өнген топырағында ән-күй, ақындық – жыраулық өнер айрықша биікке көтерілген. Өнер бесігінде тербеліп өскен Жамбылдың ақындық дарыны жас кезінен ақ таныла бастаған. Ол бозбала шағының өзінде ақ өскен ортасын ән мен жырға кенелтіп үлгерген.



Осы кезде өрттей жалындап, жұрт аузына іліккен жас Жамбыл Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйінбайға жолығып, оның арқалы өнеріне құныға ден қойып батасын алады.

Мұнан әрі жал-құйрығы сүзілген жүйріктей арындап, сол кездегі Айкүміс, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағанбет, Шашубай, Құланаян Құлманбет сияқты ақындықтың жылжыған жорға, жылмиған жүйріктерімен айтысқа түскен Жамбыл ұдайы шоқтығын асырып отырған. Бұлар ғана емес қырғыздың Балық, Тыныбек, Қалығұл, Найманбай, Қатаған, Арыстанбек, Сағымбек сияқты ақын-жырау, манасшылармен өнер өрелестіріп, қырғыздың көл-көсір поэзиясынан тағылым алады, ақындық өнерін одан әрі шыңдай түседі. Жамбыл енді ақындық суырыпсалмалық өнеріне қоса «Көрғұлы», «Шаһмардан» сияқты жыр-дастандарды апталап-айлап жырлап, ақындық жыраулық өнерін соны қырымен таныта бастайды.

Жамбылдың ақын-жырау ретінде қалыптаса бастаған кезі Ресей отаршылдары – бір жағынан, Қоқан хандығы – екінші жағынан, жергілікті жандайшаптар - үшінші жағынан қазақ халқын әлеуметтік саяси қыспаққа алған шақ еді. Жаны сергек, санасы өрелі Жамбыл өзінің «Шағым», «Жылқышы», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеде», «Патша әмәре тарылды», «Зілді бұйрық» сияқты өлеңдерінде елдің әлеуметтік саяси өмірін ақындық шыншылдықпен азаматтық жауапкершілікпен бедерлейді. Жамбыл Қазан төңкерісінен кейінгі елдің саяси-әлеуметтік өміріндегі тарихи өзгерістерге үлкен үмітпен ден қояды. Оның «Туған елім» атты толғауы 1936 жылы жарық көріп, онан соң орыс тіліне аударылған нұсқасы «Правда» газетінде жарияланып, қарт ақынның даңқы бүкіл әлемге жайылды. Халқына қадірі артып, даңқы өрлеген Жамбыл, шабыт тұғырына қонған Алатаудың ақ иық қыранындай, жыр нөсерін селдетеді. Оның 1936-1945 жылдар аралығында шығарған жырлары 13 мың тармақтан асады екен. Ол ел өміріндегі табыс пен жаңғыруларды, жеңіс пен ерлік істерді ерекше шабытпен жырлайды. Шағын жыр-толғаулар ғана емес, оның қарт көкірегінен «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық туындылар қайта жаңғырып ақтарылады.



Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын. «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» - деген еді Сәкен Сейфуллин.

Жамбыл – жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы. Ол жасампаз ұрпақпен сырласындай, қимасындай мәңгі бірге жасай береді.

Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл көзінің тірісінде ақ КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алып, өзінің де, халқының да даңқын дүйім дүниеге паш етті. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгіледі.

12 наурыз

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫНЫҢ
құрылғанына 95 жыл (1931)**

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы 1931 жылы 12 наурызда құрылған. 1931 жылдың 5 мамырынан оқырмандарға қызмет көрсете бастады. Кітапхананың алғашқы директоры – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосов. Ол кітапхана қызметінің негізгі міндеті ретінде «Қазақстандағы барлық баспа басылымдарын жинақтау» туралы мәселе көтерді. Кітапхана осы уақыттан бастап бүгінгі күнге дейін қазақ халқының және Қазақстан халықтарының жазба мәдениетін жинақтап, сақтаушы мемлекеттік ұлттық кітап қоймасы қызметін атқарып келеді. Кітапханаға 1991 жылдың 9 желтоқсанында «Ұлттық кітапхана» дәрежесі берілді.



Жыл сайын 1 млннан астам оқырман келіп, 2млн данаға жуық кітап оқылады. Оларға 1,5 мың орындық 14 оқу залы қызмет көрсетеді. ҚР Ұлттық кітапханасы халықаралық кеңістікте әлемдегі ірі кітапханалардың бірі ретінде танымал. Кітапхана ғимараты 1971 жылы арнайы жобамен салынған. Алматы қаласындағы отандық сәулет өнерінің озық үлгілерінің бірі ретінде мемлекеттік маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Кітап қоры 6,9 млн. Астам сақтау бірлігінен тұрады. Оқырмандардың жыл сайынғы келім саны – 1 млн. Астам, кітап берілімі – 2 млн. Данаға жуық. Оларға 1,5 мың орындық арнайы 14 оқу залы қызмет көрсетеді.

Кітапхана сайты www.nlrk.kz кітапханадағы электрондық каталогтарға және ақпараттық ресурстарға қол жеткізу мақсатымен ұйымдастырылған бірыңғай ақпараттық жүйе болып табылады. Веб-сайтқа жыл сайынғы виртуальды келушілер саны – 1,6 млн. астам.

ҚР Ұлттық кітапханасы Кітапханалық қауымдастықтар мен мекемелердің халықаралық федерациясына (IFLA, 1992), Ұлттық кітапханалар директорларының конференциясына (CDNL, 1992) және «Еуразия Кітапханалық Ассамблеясы» коммерциялық емес серіктестігіне (БАЕ, 1993) мүше. 2008 жылдан – IFLA/PAC (Сақтау және консервация) негізгі бағдарламасының аймақтық орталығы болып табылады.

Кітапхананың стратегиялық басымдықтары:

- кітап қорын толықтыру және олардың сақталымын қамтамасыз ету;
- сапалы кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету;
- жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және дамыту;
- республикалық және халықаралық кітапханалық-ақпараттық жобаларды іске асыру.

Кітапхана ғимараты 1970 жылы арнайы жобамен салынған. ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №119 бұйрығымен бекітілген Республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің Мемлекеттік тізіміне енгізілген.



Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов 1891 жылдың 18 наурызында Ырғыз уезі, Аманкөл болысында қарапайым отбасында дүниеге келген. 1910 жылы Ырғыздың екі сыныптық орыс-қазақ училищесін, 1912 жылы Ақтөбе мұғалімдер семинариясын бітірген соң, Ырғыз, Торғай ауылдарында мұғалімдік қызметте болады. 1919-22 жылдары Ырғыз революциялық комитетінің төрағасы, сол жылы құрылған Ақтөбе губерниясының әлеуметтік қамсыздандыру бөлімін, артынан губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметтерінде болды, губкомның бюро құрамына енгізілді. Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында облыстық, губерниялық партия комитеттері мен атқару комитеттерінің төрағасы болған. 1923 жылы Ақмола губерниялық атқару комитетінің төрағасы болған.

1925-37 жылдары Қазақ АССР Халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы, Қазақ Өлкелік ішкі және сыртқы сауда халық комиссары, мемлекеттік Жоспарлау комиссиясының төрағасы, Қазақ Өлкелік Орталық Атқару Комитетінің (КазЦИК) Төрағасы қызметтерінде болған. Республикадағы өнеркәсіптің қалыптасуына, Түркісіб сияқты теміржол құрылысының салынуына, Қызылорда, Алматы қалаларының астана болып қалыптасуына тікелей басшылық жасаған. Ұ.Құлымбетовтың кезінде Қазақ автономиялық республикасы Одақтың республика мәртебесін алды. Қазақ ССР конституциясы бекітілді.

Ұ.Құлымбетов "Карлаг", "Алжир" сияқты өлім лагерьлерінің Қазақстан жеріне қоныс тепкендігіне қарсы болады. Бірақ, бұл тұста күш НКВД жағында еді, олардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болатын".

1937-1938 жылдардың зобалаңы қазақтың талай боздақтарының ғұмырын қиды. Ұзақбай Құлымбетов 1937 жылы қыркүйекте 19 наркоммен бірге қамауға алынып, 1938 жылдың 22 наурызында (47 жасында) «халық жауы» деген жалған жаламен атылды.



Сүйегінің қайда қалғаны белгісіз. Кейіннен жазық жаланың құрбаны болғаннан кейін «АЛЖИР»-де жұбайы Әйіш Құлымбетова 8 жыл отырды.

Ұзақбай Құлымбетов 1958 жылы ақталды. Ұрпақтары 20 жыл бойы «халық жауының» балалары болып елімізден жырақта жүрді.

22 наурыз

«ЖАС АЛАШ» газетінің алғашқы саны 105 жыл бұрын жарық көрді (1921)

«Жас Алаш» — жастарға арналған ең байырғы және беделді республикалық басылым. Алғашқы саны 1921 жылы 22 наурызда Ташкент қаласында жарық көрді. Ұйымдастырушысы әрі тұңғыш редакторы Ұ.Мұратбаев, жауапты хатшысы І.Жансүгіров болды.

Сол кездегі қаржы тапшылығына, т.б. себептерге байланысты басылым —Жас қайрат (1925), —Ертең, —Жас қазақ (1923) газеттері және осы аттас журнал түрінде шығып тұрды. Газеттің жабылып қалмауын ойлаған С.Садуақасов, А.Байтұрсынов, Б.Майлин, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ж.Аймауытовтар —Еңбекші қазақтың бір бетін —Лениншіл жас деген атпен де шығарған. Газет 1927 жылы 22 қыркүйектен —Лениншіл жас деген атпен шыға бастады. Бұл басылым қай кезде де қазақ жастарының азамат болып қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді. Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін газетке —Жас алаш атауы қайтарылды.

2000 жылы ұлттық баспасөз клубы, Қазақстан баспасөз клубы, —Алтын жұлдыз орталығымен бірігіп өткізген дәстүрлі —Алтын жұлдыз бәйгесінде —Жас Алаш жылдың ең үздік газеті атанып, —Алтын жұлдыз белгісімен, газеттің бас редакторы Нұртөре Жүсіп мемлекеттік тіл мен ұлттық дәстүрді дамытуға сіңірген еңбегі үшін жылдың таңдаулы —Алтын адам сыйлығымен марапатталды. —Студент, —Руханият, —Алдаспан, —Мыңнан бір мезет, —Ақ отау, т.б. қосымшалары бар. Жалпыұлттық қазақ басылымы. О баста негізінен жастарға бағдарланғанымен, «Жас Алаш» — үлкен-кіші үзбей оқитын дәстүрлі әрі жаңаша басылым.



Сонымен бірге ол — Қазақстандағы белгілі де беделді журналистика кадрларын тәрбиелеп шығарған ұстахана іспетті. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің, журналистикасы мен публицистикасының небір майталмандары жұмыстарын алғаш рет осы қарашаңырақтан бастаған.

Бүгін де бұл басылымнан тұрмыс-тіршілігіміздің сан-саласын қамтыған өткір де өзекті дүниелерді оқуға болады. «Жас Алашта» күнделікті жаңалықтармен қатар, саясат пен экономика, әдебиет пен мәдениет, өндіріс пен экология, қылмыс және заң, қаржы және басқару жүйесі, маркетинг пен менеджмент, білім беру мен денсаулық сақтау, өнер мен өзге де тақырыптарды қамтыған мақалалар тұрақты жарияланады. «Студент», «Ырғақ», «Мыңнан бір мезет», «Отбасы» атты қосымшалары бар. Еліміздің түкпір-түкпірінен келетін оқырман хаттары «Мақатаев-22» бетінде жарияланатын болса, әр саланың қайраткер тұлғалары мен сарапшы мамандардың сұхбаты «Ашық әңгіме», «Екеуара әңгіме» айдарларымен беріліп тұрды.

«Жас Алаштың» өзіне тән ең бірінші сипаты — оның өткірлігі мен турашылдығы, жаңашылдығы мен тапқырлығы. Ақпаратты мейлінше объективті беруі және мәселелерге жаңаша көзқараспен келіп, терең сараптауы «Жас Алашты» ақпараттық кеңістіктегі беделді басылымға айналдырып, кәсіби газет деңгейіне көтерді. «Әлеуметтік технологиялар орталығы» жүргізген маркетингтік зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, «Жас Алаш» — 15 жастағы жасөспірімдерден бастап, алпыстан асқан ақсақалдарға дейінгі аралықтағылардың сұранысына ие, беделді әрі жаңашыл басылым.

Басылымның негізгі оқырмандары — жоғары білімді азаматтар, жоғары оқу орындарының студенттері, әр деңгейдегі мемлекеттік басқару органдарының басшылары мен қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері мен қарапайым ауыл тұрғындары.



24 наурыз

КЕҢЕСБАЙ МҰСАЕВ
туғанына 95 жыл (1931-2020)

Кеңесбай Мұсаев Түркістан облысына қарасты Созақ ауданының туған. Мәскеуде жарты ғасырға жуық жемісті еңбек етіп, 320-дан астам ғылыми еңбек жариялады. Оның ішінде түркология мәселелеріне арналған 14 кітаптың авторы, «Парасат» орденінің иегері.

2004 жылы Ресей Федерациясының ғылымға еңбегі сіңген қайраткері атағы берілген.

Сонымен қатар ол «Түрік тілі» қоғамының құрметті мүшесі және Мәскеудегі «Қазақ тілі» қоғамының құрметті төрағасы.

Танымал түрколог, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, профессор Кеңесбай Мұсаев 89 жасында дүниеден озды.

1 сәуір

МӘРЗИЯ ЖАҚСЫҒАРИНА
туғанына 65 жыл (1961)

1961 жылы 1 сәуірде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Шайда ауылында туған. Суретші, график, экслибрист. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Мәдениеттану кандидаты, PhD, өнертану профессоры. Ақтөбе мәдени-ағарту училищесін, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде көркемөнер кафедрасының оқытушысы, дизайн кафедрасының доценті, Қазақ-орыс халықаралық университетінде профессор болды. 300-ге жуық экслибристік туындылары, соның ішінде «Қазақ елі», «Қазақстанның зергерлік әшекейлері», «Абай-150 жыл», «Ұлы жеңіске -50 жыл», «Мұхтар Әуезов – 100 жыл», «Құдайберген Жұбанов – 100 жыл», «Экзюпериана», «Пушкиниана», «Архитектура», т.б. сериялары бар.

Экслибрис және графика бойынша өткізілген 80-нен астам халықаралық көрмеге қатысқан, оның он шақтысы Қазақстанда, Ресейде және Польшада өткізілген жеке төл шығармаларының көрмесі. Суретші линогравюра, акварель, офорт, портрет, натюрморт, табиғат көріністерін салумен айналысады.



Туындылары Аргентинаның, Бельгияның, Италияның, Польшаның, Ресейдің, Францияның мұражайларында, Қазақтың Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік көркемөнер мұражайында, Ақтөбе тарихи-өлкетану мұражайында, Мәскеу экслибрис мұражайында сақтаулы. Графика мен экслибристикаға арналған 50-ден астам ғылыми мақаланың авторы. Есімі 2013 жылы әлемдік «Современные мировые художники экслибриса» энциклопедиясының екінші томына енгізіліп, мұқабасына М.Жақсығаринаның бір туындысы салынды.

Суретшінің экслибрисі Польша нумизматтары үшін 50 мың данамен шығарылған ұлттық валюта 50 злотыйлық банкнотқа пайдаланылды. III халықаралық «Варсавиана» экслибристер көрмесінің (Польша), V Бүкілодақтық экслибристер конкурсының (Ресей) лауреаты, бұдан басқа да көптеген халықаралық конкурстардың дипломанты. «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл» медальдарымен марапатталған. Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы. Ақтөбе облысының «Жыл адамы – 2003».

5 сәуір

ӨМІРЗАҚ АЙТБАЕВ **туғанына 90 жыл (1963-2020)**

Өмірзақ Айтбаев 1936 жылы 5 сәуір күні Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданында дүниеге келген. Филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі.

1959-1962 жылдары - «Социалистік Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері. 1962-1999 жылдары - Қазақстан Ғылым академиясы Тіл білімі институтының кіші, аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, аға, бас ғылыми қызметкер. 1995-1996 жылдары - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының профессоры. 1997-1998 жылдары - Қ.А.Яссауи Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры.



1999 жылдан - «Қайнар» университетінің қазақ тілі және әдебиет факультетінің, филология факультетінің деканы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Тіл білімі институтының Терминологиялық орталықтың директоры қызметтерін атқарған.

1989 жылдан - «Қазақ тілі» халықаралық қоғамның вице-президенті, 1996 жылдан - бірінші президенті, 2004 жылдан - президенті.

«Құрмет», «Парасат» ордендерімен марапатталған.

"2020 жылы 9 қаңтарда таңертең Алматыда асқар тау ғалым, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Айтбайұлы Айтбаев дүниеден өтті.

5 сәуір

АЖАР ЖУБАНОВА туғанына 85 жыл (1941)

Ажар Ахметқызы Жұбанова 1941 жылы 5 сәуірде Алматы қаласында дүниеге келді. 1964 жылы Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген. «Управление ростом и метоболической активностью иммобилизованных клеток микроорганизмов» деген тақырыпта доктокторлық диссертация қорғағап 1996 жылы Биология ғылымдарының докторы, професор атағын алды.

1964–1966 жылдары ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) аға лаборант. 1966–1975 жылдары Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер. 1975–1986 жылдары Алматы зоотехнология-малдәрігерлік институтында (қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық университеті) ассистент, аға оқытушы, доцент, професор. 1996–2000 жылдары ҚазҰУ-да ғылыми кеңестің ғалым-хатшысы. 2000–2002 жылдары декан болды. 2002 жылдан кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. 150-ден астам ғылыми жарияланымның авторы.



Қазақ қыздарының арасында ерлігімен, өнерімен даңқы шыққан қыздары аз болмаған. Солардың ішінде ақын Зияш Қалауованың орны ерекше. Зияш Қалауова 1921 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданына қарасты Ащысай кенішінде дүниеге келген. Бала күнінен ақындыққа жаны жақын болған Зияш Қалауова 1932 жылы Шәуілдір ауданындағы бұрынғы «Кеңес» колхозының жеті жылдық мектебіне оқуға барады. Мектепте оқып жүріп, 13 жасар ақын қыз 1934 жылы Қазақстан Жазушыларының I съезіне қатысады. Өз заманында бұл жағдай елді елең еткізген оқиға болатын. Алматыда 1939 жылы өткен Қазақстан Жазушыларының II съезінің делегаты болып сайланып, тағы да зиялы қауымның назарына іліккен еді. Осы съезден соң Зияш Қалауова 17 жасында Қазақстан Жазушылар Одағына мүше болып қабылданады. Ақындықты жанына серік еткен Зияш Қалауова өмірде ұстаздық жолды таңдады. Түргендегі мұғалімдер курсына оқып, жоғары білімін Абай атындағы педагогикалық институтта жалғастырды. Еңбек жолын Ұйғыр ауданындағы Ақсу мектебінде мұғалім болып бастаған. Небәрі 31 жыл өмір сүрген ақын артына мол мұра қалдырды. Оның «Шолпан», «Кавказ шыңында», «Бейбітшілікті сүйеміз», «Алғыс» атты жыр жинақтары соғыстан қалжыраған халықтың рухын көтеруге өз үлесін қосты. Ақынның мұралары туралы бірнеше естеліктер қалдырған Мәриям Хакімжанова болатын. Қазақ әйелдерінің шығармашылығын зерттеген Мәриям Хакімжанованың айтуы бойынша жазып алынған қаламгер Мағира Қожахметованың еңбектерінде бұл туралы көп жазылды.

«Мен Зияшпен 1939 жылы таныстым. Сол жылы Қазақстан жазушыларының II съезі болды. Жас ақын қыз сол съезге делегат болып, Алматыға келді. Ол кезде мен Жазушылар одағында қызмет істейтін едім. Сол күннен бастап апалы-сіңлілі болып кеттік. Зияштың маған ұнағаны балалық, адал мінездері мен бауырмалдығы, батылдығы мен шыншылдығы болды.



Оның балғын ойынан, жарқын жүзінен, ботаның көзіндей үлкен қара көздерінен қулық-сұмдық сезілмейтін. Ол көргенін де, оқығанын да ұмытпайтын алғыр болатын. Жайдары мінезді, ақкөңіл Зияш баламыздай еркелер еді.

Ақын қызымыздың еркін араласып, еркелей сөйлеп келетін үйлері Әбдіқадыров Қалмақандікі, Әбу Сәрсенбаевтікі, үшінші біздің үй. Зияш осы үш үйдің ортасында үкідей болып жүретін. Жазған жаңа өлеңдерін де алдымен бізге оқитын. Айтқан пікірлерімізді өз ой елегінен саралап өткізіп, дұрыстығына көзі жеткенде ғана қабылдар еді. Көнгісі келмесе, томырайып қалатын, бір-беткей мінезі өзіне жарасып тұратын» деп естелік қалдырған Мәриям Хакімжанова Зияш ақынның 1950 жылдың жазында Бейбітшілікті жақтаушылардың Москвада өткен Бүкілодақтық екінші конференциясына Қазақстаннан З. Қалауова мен Мұқан Иманжанов делегат болып қатысқаны туралы да деректерді қалдырды: «Осы сапардан оралған Зияш өте көңілді, шабытты, сергек келді. Бейбітшілік, достық тақырыбына түйдек-түйдек өлеңдер жазып, бұрқыратып газет-журналдарға жариялап жүрді. Сол өлең-дерінің кейбірі моңғол тіліне де аударылғаны есімде» дейді М.Хакімжанова. Зияш қандай тақырыпқа өлең жазса да, оның еңбектері оқушы қауымға тастай батып, судай сіңіп кететін. Ол халық тілін, халық қалауын, халық ұғымын жақсы білетін. Зияш ақын «Ана болғым келеді» атты өлеңінде:

Ана болғым келеді, ана болғым,
Бөбегі жоқ ананың жүзі солғын.
Нәрестенің иісін аңсағанда,
Күмбірлеген көкірегім шерге толдың.
Ана болғым келеді, бала сүйіп,
Бала десе кетеді кеудем иіп.
Бір перзенттің зар болып іңгәсына,
Қиялыммен күңіреніп, тарттым күйік...
Ана болғым келеді, арманым сол,
Ақ күн туып алдымнан, ашылсын жол.
Ата-ана атансақ бақыттымыз,
Табиғатқа табынып, созамын қол!
Созамын қол! – деп жырлайды.



Әйел адамның бақыты – ана болу. Ақын бұл бақытқа қолы жеткенде өмірмен ерте қош айтысты. Бақыттың дәміне ерні жаңа тигенде бала көтеріп, босанғанда дәрігерлердің салғырттығынан уақтылы бақылаусыз қалып талықсып, 1952 жылы 1 маусымда жарық дүниемен қоштасып кете барған. Қайтыс болғаннан кейін ақынның жырлары мен өмірі туралы Мәриям Хакімжанова, Мағира Қожахметова, Құлбек Ергөбек сынды қаламгерлер оқырмандар арасында насихаттап, бірнеше еңбектер жазды.

Қазіргі уақытта Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Шәуілдір орта мектебі ақын Зияш Қалауованың есімімен аталады.

24 сәуір

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ туғанына 90 жыл(1936)

Қабдеш Жұмаділов 1936 жылы 24 сәуірде Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағы, Малдыбай ауылында дүниеге келген. Ауылда бастауыш білім алып, кейін Шәуешек гимназиясын бітіреді. 1956 жылы Қытай үкіметінің жолдамасымен Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсті. Алайда университеттің екінші курсынан кейін екі ел арасындағы саяси жағдайға байланысты кері шақырылып, 1958–1962 жылдар аралығында Қытайда қуғын-сүргінге ұшырады. 1962 жылы империя шекарасын бұзып өткен қазақ көшімен бірге атамекенге қайтып оралып, ҚазМУ-дегі аяқталмай қалған оқуын қайта жалғап, 1965 жылы бітіріп шықты. «Қазақ әдебиеті» газетінде (1965–1967), «Жазушы» баспасында (1967–1976), Мемлекеттік баспалар комитетінде (1976–1981) жауапты қызметтер атқарды. 1981 жылдан бірыңғай шығармашылық жұмыста.

Жазушының әдеби қызметі Шәуешек гимназиясында оқып жүргенде басталған. 1954 жылы «Шыңжаң газетінде» алғашқы өлеңдері жарық көрді. «Жамал» атты тырнақалды әңгімесі 1956 жылы «Шұғыла» журналында басылды.



Жастық шақта жазылған өлеңдері 1967 жылы «Жас дәурен» деген атпен жеке жинақ болып шықты. Осыдан кейін жазушы бірыңғай проза жазуға ойысқан. «Қаздар қайтып барады» атты алғашқы әңгімелер жинағы 1968 жылы, «Көкейкесті» романы 1969 жылы жарық көрді.

Содан бері жазушы қаламынан көптеген әңгіме, хикаяттар, он шақты роман туды. Романдарының дені тарихи тақырыпқа арналған. Оның екі кітаптан тұратын «Соңғы көш» (1974–1981), «Атамекен» (1985), «Тағдыр» (1988) романдары Шыңжаң қазақтарының өмірінен жазылған.

«Соңғы көш» дилогиясына 1983 жылы М.Әуезов атындағы әдеби сыйлық, «Тағдыр» романына 1990 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді.

29 сәуір

АХМЕТ ЖҰБАНОВ **туғанына 120 жыл (1906-1968)**

Жұбанов Ахмет (1906-1968) – қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер. Қазақстанның халық артисі (1944), әнертану ғылымының докторы (1943), профессор (1948). Туып өскен жері Алматы қаласы. Жас кезінде ауылдасы Талым күйшіден, ауыл мұғалімі Қ.Ашғалиевтен, әкесі Қуаннан, ағасы Құдайбергеннен тәлім алып, музыка өнеріне ден қояды. Темірде орыс халық аспаптар әуесқойлары оркестріне жетекшілік ететін (П.Черняктан сольфеджио, скрипка, музыка теориясы бойынша) сабақ алады. 1929 жылы Ленинградтың (Петербург) М.И.Глинка атындағы техникумында (А.А.Этигонның скрипка класы бойынша), консерваторияда (профессор Ф.А. Ниманның гобой класы бойынша, кейіннен музыка тарихы мен теориясы факультетінде) оқыған. Композитор ретінде қазақтың музыкалық мәдениетіне өзіндік мелодиялық өрнек қосқан ондаған ән мен күйдің, романстар мен хорлардың, аспаптық симфониялық және вокальдық шығармалардың авторы.



А.Жұбановтың композиторлық шығармаларының көрнектілері Л.Хамидимен бірлесіп жазған «Абай» (1944) және «Төлеген Тоқтаров» (1947) опералары, қызы Ғ. Жұбанова аяқтаған «Құрманғазы» (1970) операсы.

Ахмет Қуанұлы Жұбанов қазақтың музыкалық мәдениетін зерттеп тануда, жорып түсіндіруде және жүйелеп насихаттауда жаңа сапалы биіктен көрініп, кезеңдік мәні бар қажыр қайрат көрсеткен тұлға. Өз кезіндегі музыкалық білім сатыларының бәрінен өткен кемел білім иесі А.Қ.Жұбанов 1933 жылы Алматы музыкалық драма училищесіне ұстаздық қызметке келеді.

Осы кезден бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін ол қазақтың музыкалық мәдениеті деген жалпылама ұғымды ұлт болмысындағы нақты категориялық мәні бар рухани құбылысқа айналдыру үшін тыным таппастан жойдасыз еңбек етті. Бұл ретте, Ахмет Қуанұлы адам қабілетінің қандай құдіретті болатынын нақтылы да, нәтижелі істерімен көрсете алды. Алғашқы музыкалық әліппе, қазақ музыкасын зерттейтін ғылыми кабинет, музыкалық сынақ шеберханасы, Ғылым академиясындағы өнертану секторы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институтының музыка бөлімі, Қазақтың халық аспаптары оркестері, Қазақтың мемлекеттік филормониясы, Қазақ консерваториясы, ондағы халық аспаптары кафедрасы, Қазақтың музыкалық театры, қазақ музыкасы туралы оқу құралдары, міне осының бәрінің ұйытқысы А.Қ.Жұбанов болды. Мұның сыртында дирижерлік, ұстаздық, ғылыми зерттеушілік, қоғамдық, әсіресе шығармашылық жұмыстарының өзі сала сала болып, құнарлы арналарға ұласады.

А.Қ. Жұбановтың ғалым, педагог, композитор, орындаушы және ұйымдастырушы ретінде қазақтың музыкалық мәдениетіне сіңірген еңбегі ұлттың мәдени рухани шежіресіндегі ең көрнекті белестердің бірі болып қалады.



6 мамыр

ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВ
туғанына 75 жыл (1951-2020)

Жақсылық Әмірәліұлы Үшкемпіров 1951 жылы 6 мамырда Жамбыл облысы, Тегістік ауылында дүниеге келген. Мектеп бітіргеннен кейін зоотехникалық мамандықты қалап, Семейдің мал дәрігерлік институтына оқуға түседі. 1974 жылы институтты тәмамдап, республикамыздың астанасы Алматы қаласына келеді. Мұндағы мақсаты елімізге еңбегі сіңген жаттықтырушы В.А. Писаревтің басшылығымен спорттың күрес түрімен тереңірек айналысу болатын.

1970 жылы жаттықтырушы Рома Хасанович Ильматовтың кеңесі бойынша өзіне таныс емес күрестің жаңа классикалық түрімен айналыса бастады.

Арқадан асырып лақтыру әдісін жақсы меңгереді. Күрес кезінде қарсыласын дәл бағалай біліп, әлсіз жақтарын сезіп, нәтижесінде өз пайдасына шешетін. Ұпайы қанша жоғары болып тұрса да, ойын аяғына шейін жеңудің ыңғайлы жақтарын іздеумен болатын. Бір жылдан кейін 1975 жылы Алматы қаласында өткен алтыншы жазғы халықтар Спартакиадасының Жақсылық үшін маңызы зор болды. Еліміздің ең таңдаулы күрескерлерімен белдесіп бәрін жеңіп шығып, Спартакиада чемпионы болып, өміріндегі алғашқы алтын медалін жеңіп алды. Ж. Үшкемпіров еліміздің чемпионатының жеті дүркін жүлдегері болды.

Осылайша қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы болды.

6 мамыр

ІЛИЯ ЖАҚАНОВ
туғанына 90 жыл (1936)

Жақанов Ілия 1936 жылы 6 мамырда Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, қазіргі Ақтоғай ауылында туған. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген (1959).



1959–1963 жж. «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі, 1963–1984 жж. Қазақ КСР Телевизия және радиохабарын тарату жөніндегі мемлекеттік комитетінің редакторы, аға редакторы, Қазақ радиосы музыка редакциясының бас редакторы қызметін атқарған.

1984 жылдан шығармашылық жұмыста.

«Қайта оралған ән» (1968), «Қош бол, вальс» (1969) повестері шықты. Қазақтың ұлы қобызшысы Ықылас жайлы «Кертолғау» (1989) романы алғаш қырғыз тілінде, кейін қазақ тілінде «Ықылас» (1990) деген атпен жарық көрді. «Екі жирен» (1976), «Бірінші концерт» (1979), «Махаббат вальсі» (1983), «Аққулар қонған айдын көл» (1988) атты деректі әңгімелер, эсселер және новеллалар жинағы, сондайақ «Қарабура» (1977) тарихитанымдық шығармасы, «Сынған қылыш» (1981) атты қырғыз тілінен аударылған (Қасымбеков шығармасы) тарихи романдары шықты. «Біржан сал», «Ақан сері», «Үкілі Ыбырай», «Естай әнші», «Жаяу Мұса», «Мәди», «Майра», «Балуан Шолақ», т.б да салсерілер, Қазақстан композиторлары М.Төлебаев, Л.Хамиди, С.Мұхамеджанов, Қ.Мусин, Б.Байқадамовтардың шығармашылық портреттерін сомдаған шығармалары, «Шоқан және музыка», «Жамбыл және музыка», «Сәкен және музыка» атты телесериалдары бар.

«Қазақ КСРнің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» (1990); «Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері» (1994); Әлеуметтік ғылымдар академиясының құрметті академигі (1997), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1998), Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың иегері (1997). «Сырлы жүрек пернесі» атты лирикалық эссе кітабы 2008 жылы «Ұшпақ» баспасынан жарық көрді.



Бәкір Тәжібаев 15 мамырда Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ақбұлақ ауылында дүниеге келген. 1941 жылдан бастап Темірдің педагогика училищесінде оқып, кезінде Жұрын аудандық (қазіргі Мұғалжар) газеті редакциясында, аудандық комсомол комитетінде қызмет істеген.

1950 жылы Алматы театр-сурет училищесі жанындағы киноактерлік бөлімді бітіргеннен кейін, бірталай жыл Жамбыл, Шымкент облыстық театрларында актерлікпен шұғылданған.

1958 жылдан Абай атындағы Қазақ опера және балет театрында әдеби бөлімнің меңгерушісі болып істеген. Кейін Алматы облыстық халық шығармашылығы үйінде, Қазақ КСР театр қоғамында жұмыс жасайды, 1974 жылдан бастап тікелей шығармашылық жұмыспен айналысты.

Бірнеше жыр жинақтарының, кең тараған әндер мен ән мәтіндерінің, драмалық шығармалардың авторы. «Жас Дәурен», «Ақбұлақ», «Әппағым-ау, Әппағым», «Гүлсің-ау» әндері бар. Оның өз орындауындағы әндері «Мелодия» фирмасынан күйтабақ болып шыққан. «Қамар сұлу» операсы либреттосының авторы (музыкасын жазған композитор Еркеғали Рахмадиев).

150-дей ән мәтіндерінің авторы. Көптеген әндері әлі күнге дейін сахна төрінде орындалып, халықтың сағынып тыңдайтын әндері. Бірқатар әндері Қытай, Монғолия, Түркия, Ауғанстан, Иран, т.б. елдерде тұратын қазақтар арасында кеңінен тарап, сүйікті әндеріне айналған.

Шығармалары: Қара торғай. Новеллалар. А., «Жазушы», 1967; Біздің Роза. Очерк. А., «Қазақстан», 1969; Сахна жұлдыздары. Портреттер. А., «Жалын», 1977; Балбұлақ. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1969; Ән – дәурен. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1973; Жүріп келем. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1976; Дала жолдары. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1980; Жыр – жолаушы. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1982; Ақбұлақ. Өлеңдер. А., 1985.



18 мамыр

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ
туғанына 90 жыл (1936)

Олжас Сүлейменов 1936 жылы 18 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. 1959 жылы ҚазМУ-дің геология факультетін бітірген. М.Горький атындағы Әдебиет институтында оқыған. 1962–1971 жж. «Казахстанская правда» газеті редакциясында бөлім меңгерушісі, «Қазақфильм» киностудиясы сценарийлік-редакциялық алқасының бас редакторы, «Простор» журналының бөлім меңгерушісі, 1971–1981 жж. Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, 1981–1983 жж. Қазақ КСР кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, 1983–1991 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, «Невада-Семей» қозғалысының төрағасы, 1995 жылдан Қазақстанның Италиядағы төтенше өкілетті елшісі болды. Бүгінде Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы төтенше өкілетті елшісі және тұрақты өкілі.

Туындыларын орыс тілінде жазады. Өлеңдері мен поэмаларының алғашқы жинағы – «Арғымақтар» (1961) шыққаннан кейінгі жылдардан бері «Адамға табын, Жер, енді» өлеңдері бүгінгі ТМД елдері халықтарының көптеген тілдеріне, шет ел тілдеріне аударылып, жеке-жеке кітап болып бірнеше рет басылды. Кинодраматургия, әдеби зерттеу саласында да еңбек етіп жүр. Оның жазған сценарийі бойынша «Атамекен», «Көгілдір маршрут», «Қыс – қолайсыз маусым», «М.Әуезов туралы сөз», «Үндістан сазы», «Жастық шақ заставасы», т.б. фильмдер түсірілген. «Аз и Я», «Язык письма» атты тілге қатысты зерттеулері жарық көрді. «Жалынның шалқуы» атты өлеңдер жинағы француз тілінде шықты.

Ядролық сынаққа қарсы «Семей-Невада» қозғалысының, Халық Конгресі партиясының лидері. Қазақ КСР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының (1967), Қазақстан комсомолы, БЛКЖО сыйлығының (1966) лауреаты. Қазақстанның Халық жазушысы. Қазақстан Меценаттар клубының «Тарлан» сыйлығының (2000) лауреаты.



Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі», Октябрь Революциясы, I дәрежелі «Барыс» (2001), «Отан» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Азербайжан Республикасының «Шухрат» орденімен, Украинаның «Ярослав Мудрый», Шешен Республикасының, Францияның және Ресейдің «Достық» ордендерімен марапатталған.

Шығармалары:

Арғымақтар. Өлеңдер мен поэмалар. А., ҚМКӘБ, 1961;
Адамға табын, Жер, енді. Поэма. А., ҚМКӘБ, 1961;
Нұрлы түндер. Өлеңдер мен поэма. А., ҚМКӘБ, 1962;
Қылықты түн. Өлеңдер. А., ҚМКӘБ, 1963;
Шапағатты шақ. Өлеңдер. А., ҚМКӘБ, 1964;
Мешін жылы. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1967;
Таңдамалы лирика. М., «Молодая гвардия», 1968;
Қыш кітап. Поэмалар. А., «Жазушы», 1969;
Ақ дария аспаны. Өлеңдер мен проза.
Т., Ғафур Ғұлам атындағы көркем әдебиет баспасы, 1970;
Атамекен. Өлеңдер мен поэма (қазақшаға аударған Қ. Мырза Әли). А., «Жазушы», 1972;
Әр күн – арайлы таң. Өлеңдер. М., «Огонек» кітапханасы. 1973;
Жұмыр жұлдыз. Өлеңдер. М., «Советский писатель», 1975;
Қалаулы қайырма. Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар.
А., «Жазушы», 1973;
«Аз и Я». Зерттеу кітабы. А., «Жазушы», 1975;
Көңіл көкжиегі. Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар.
А., «Жазушы», 1976 (екінші басылымы, 1980);
Жалынның шалқуы. (Трансформация огня).
Өлеңдер мен проза. 1) Париж. «Галлимар»,
Француз тілінде. 1981;
2) А., «Жалын», 1983; 3) Қайта басылымы, 1985;
Әр күн – арайлы таң. Өлеңдер мен поэмалар.
А., «Жазушы», 1986; Асқардан асу. А., «Жазушы» 1987.



Мұхтар Арын 1936 жылы 20 мамырда Алматы облысы Ақсу ауданында дүниеге келген. 1957 жылы Алматы мемлекеттік педагогикалық шет тілдер институтын бітірген. Осы институтта оқытушы, кафедра меңгерушісі, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының проректоры.

Білім министрлігінің бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1983 жылдан өмірінің соңына дейін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің ректоры болды. Оның —Неміс тілінің қысқаша грамматикасы, —Неміс тілі грамматикасы (морфология) оқулықтары тіл білімі ғылымындағы елеулі табыс ретінде бағаланды. Мұхтар Арын ұлт мәдениетін өркендетуге елеулі үлес қосты. 1989 ж. Халықараралық —Қазақ тілі қоғамының құрылуына ұйтқы болды. Ақтөбе облысындағы —Қазақ тілі қоғамының төрағасы болып, ұлт тілінде оқытатын мектептердің ашылуына көп күш-жігер жұмсады.

Оның ұйымдастыруымен —Ақтөбе өңіріндегі білім беру жүйесінің дамуы мұражайы, Абай мұражайы ашылды.

Ол қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры Қ.Жұбановтың 90 жылдығына орай республикалық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырып, —Жұбанов тағылымы» оқуларын жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдырды. Қ.Жұбановтың мұражайы мен лабораториясын ашуға басшылық етті. Мұхтар Арынның ұлттық философиялық, дидактикалық, этнографиялық және этнолингвистикалық деректер негізінде жазған —Бес анық кітабы — қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын зерделеуге арналған алғашқы еңбектердің бірі болды. Ұлттық рухтың ерекшелігін көрсететін тіл, дін, салт-дәстүр, тарих, атамекен туралы ой-толғамдары халықтық педагогика пәнінің қалыптасуына негіз болып қаланды.



Өмірзақ Озғанбаев 1941 жылы 9 маусымда Атырау облысында дүниеге келген. Қызылорда педагогикалық институтын бітірген. Тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жоғары мектебі Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері.

Еңбек жолын мектеп мұғалімдігінен бастап, аудандық, қалалық партия комитеттерінде, облыстық «Білім» қоғамдық ұйымында, Маңғышлақ облыстық кәсіби-техникалық білім беру басқармасында лауазымды қызметтер атқарған. 1988-1990 жылдары – Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігі Республикалық оқу-әдістемелік орталығының директоры. 1990-1994 және 1995-1996 жылдары – Маңғыстау облыстық білім басқармасының бастығы. 1994-1995 жылдары – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Ғылым, білім және жаңа технологиялар жөніндегі комитетінің мүшесі. 1996-1999 жылдары – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Аймақтық даму және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі комитетінің төрағасы, Қазақстан халықтық бірлігі партиясы фракциясы төрағасының орынбасары.

1999-2001 жылдары – Ыбырай Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының президенті. 2002-2004 жылдары – Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономика университетінің проректоры. 2004 жылдан - «ҚазМұнайГаз» Кен Барлау» АҚ бас директорының кеңесшісі, «Рауан Медиа Групп» АҚ бас директорының кеңесшісі. 2007 жылдың қазанынан – Маңғыстау облысы әкімі жанындағы Ардагерлер Кеңесінің төрағасы. 2013 жылғы наурыз айынан бастап «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы.

50-ден астам ғылыми жарияланымның және бірнеше кітаптың авторы. «Құрмет» орденімен, 8 медальмен марапатталған.



Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) 2001 ж. 15 шілдеде Шанхай қаласында алты мемлекеттің (Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан) бастамасымен құрылған үкіметаралық халықаралық ұйым.

ШЫҰ-ның ізашары "Шанхай бестігі" болды, ал Шанхай әріптестігі Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан арасындағы шекарадағы әскери күшті қысқарту және сенім шараларының күшейтілуімен жүзеге асырылды. 1996 және 1997 жж. бес мемлекеттің басшылары Шанхайда және Мәскеуде кездесіп, шекара аумағында әскери сенім шараларын күшейту Келісімі және шекарадағы әскери күшті қысқарту және сенім шараларын күшейту Келісіміне қол қойды.

Осыдан кейін бес мемлекеттің аумағында кезегімен ұйымдастырылып, толық қалыптасты, кездесулер тақырыбы да кеңейе бастады, енді бұл шаралар бес мемлекеттің арасындағы саяси, қауіпсіздік, сыртқы байланыс, экономика және сауда салаларындағы тиімді өзара әріптестік дәрежесіне көтерілді.

2000 ж. Өзбекстан президенті Душанбеде өткен саммитке қатысты. бұл бес мемлекет басшыларының алғашқы кездесуі Шанхайда өткендіктен әріптестіктің бұл тетігі "Шанхай бестігі" деп аталды. 2001 ж. маусымда "Шанхай бестігінің" бес жылдығына орай мүше-мемлекеттер басшылары және Өзбекстан президенті Шанхайда кездесті.

Осы кездесуде Өзбекстан құрылымға енді. Ілешала Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру жөніндегі Декларация жарияланды.

Бұл құжатта мүмкіндіктерді тиімді пайдалану және жаңа айбаттар мен қатерлерге қарсы тұру, өзара әріптестік деңгейін және дәрежесін көтеру үшін "Шанхай бестігінің" негізінде Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру жөнінде шешім қабылданғаны айтылған. ШЫҰ Хартиясына және Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру жөніндегі Декларацияға сәйкес, ұйымның негізгі мақсаттары мынадай:



- мүше-мемлекеттер арасында өзара сенім, достық, татулық қарым-қатынастарды нығайту;
- саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, білім беру, қуат көзі, көлік, экологиялық және өзге де салаларда тиімді әріптестік шараларын дамыту;
- ортақ күш жұмсап аймақтық бейбіт өмірді, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету, демократиялық, әділ және ұтымды саяси, экономикалық халықаралық тәртіп орнатуға жағдай жасау.

ШЫҰ келесідей негізгі қағидаттарды ұстанады: БҰҰ-ның мақсаттары мен принциптерін ұстану; тәуелсіздікті, егемендікті, аумақтық тұтастықты сақтау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, өзара күш қолданбау және қолданамын деп қоканлоқы кәрсетпеу; барлық мүшелердің тең құқықтығы; барлық мәселелерді өзара кеңесу арқылы шешу; басқа мемлекеттерге немесе ұйымдарға қарсы бағытталған одақтарға бірікпеу; басқа мемлекеттермен және аймақтық ұйымдармен әртүрлі диалогқа, пікір алмасуға жүгіну, әріптестікке ашықтық және даярлық. ШЫҰ қарулы күштерді қысқартуға, қауіпсіздікке әріптестік жолымен қол жеткізуге, дінгегі одақтастық емес, әріптестік болып табылатын жаңа сипаттағы мемлекетаралық қатынастарға, аймақтық әріптестіктің жаңа үлгісіне негізделген қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын толық қолдайды.

Бүгінгі таңда ШЫҰ шеңберіндегі әріптестік қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларын (қауіпсіздік, көлік, мәдениет, төтенше жағдайлардың алдын алу, салдарын жою; құқық қорғау қызметі және т.б.) қамтиды. Қауіпсіздік пен экономика саласындағы әріптестік басым бағыт ретінде қаралады. шекара Қараңыз: Мемлекеттік шекара.



4 шілде

ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ
туғанына 100 жыл (1926)

Ермек Бекмұхамедұлы Серкебаев 1926 жылы 4 шілдеде Петропавл қаласында дүниеге келген. КСРО Халық әртісі (1959).

1941 жылы Алматы музыкалық училищесінде скрипка сыныбы бойынша оқи бастады, содан кейін Алматы консерваториясының вокал факультетінде ән сыныбы бойынша оқыды, оны 1951 жылы бітірді.

1947 жылдан бастап Е. Серкебаев Қазақ опера және Абай атындағы балет театрының әнші-баритоны ретінде солист болды. Ол орындаған алғашқы партия — Абай (А.Жұбанов пен Л. Хамидидің аттас операсында). Е. Серкебаевқа алғаш рет 1958 жылы Мәскеудегі Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде назар аударылды.

Е. Серкебаев камералық және эстрадалық әнші ретінде де танымал болды. Ермек Серкебаевтың шабыттандырған, терең сезімге толы әндері мен опералық партияларын орындауы — қазақ музыка өнеріндегі айтулы оқиға.

Ермек Серкебаев кинода да ойнады. Оған Бүкілодақтық Даңқ "Біздің сүйкімді дәрігер" (1957) фильмінде жазылғаннан кейін келді.

Әнші шетелде гастрольдік сапармен болды: ол Пәкістанда, Францияда, Үндістанда, Қытайда, Бельгияда, Швейцарияда, Швецияда, Финляндияда және т.б. ән айтты.

Е. Серкебаев-VIII шақырылған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің және VII шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. К. Байсейітова атындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. (1972). Ермек Серкебаев Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.

17 шілде

ЛАТИФ ХАМИДИ
туғанына 120 жыл (1906-1983)

Ташкент ағарту институтын, 1-ші Мәскеу музыкалық техникумының теориялық-композиторлық факультетін профессор Б. А. Яворскийдің классы бойынша Мәскеу консерваториясы жанындағы Татар опералық студиясын бітірген.



Л. Хамиди көптеген хорлық өңдеу, әндер, романстар, вальстар жазды, солардың ішінде “Қазақ вальсі” және “Бұлбұл” композитордың атын танымал етті. Ол сондай-ақ, патриоттық, тарихи тақырыптарға да музыка жазды. Композитор шығармашылығының қанат жаюы “Абай”, “Төлеген Тоқтаров” (А. Жұбановпен бірлесіп), “Жамбыл” операларынан да анық байқалады. Хамиди музыкалық мәдениет тарихында қазақтың халықтық музыкасын жинаушы - этнограф және музыкалық, оқулық басылымдардың авторы ретінде қалды.

- 1933 жылдан Алматы қаласында тұрды. Қазақ КСР-інің халық артисі, еңбексің. өнер қайраткері. 1933 жылдан қазақтың халық әндері мен күйлерін жинап, нотаға түсіруге атсалысты.

27 шілде

ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ
туғанына 80 жыл (1946)

Тоқтар Әубәкіров Оңғарбайұлы 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында туған. Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін, Мәскеу ұшқыш-сынақшылар мектебін, Мәскеу авиация институтын бітірген. 1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет жанармай құйдыру арқылы солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындаған.

1989 жылы 1-ші болып авиатасушы крейсердің алаңқайшысына «Миг-29» реактивті ұшағын шеберлікпен дәл орындаған.

Сондай-ақ ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізген. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынып, 1991 жылы сәуірдің 2-сінде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы қазанның 2-де Байқоңырдан «СоюзТМ-13» кемесімен ұшқан. Ғарышта ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, сол зиянды аэрозольдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынған.



Ол Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты. 1992-1993 жылдары – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары, 1993-1994 жылдары – Қазақстан Республикасы Ұлттық Аэроғарыштық агенттігінің бас директоры, Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары. 1994-1995 жылдары – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, кеңесшісі, 200-2001 жылдары – Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі хатшысының орынбасары. 2002-2003 жылдары – «Испат-Қармет» ААҚ-ының корпоративтік істер жөніндегі орынбасары, 2004-2007 жылдары – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық іс, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі. «Құрмет белгісі», Ленин, Қазан революциясы, «Алтын крест» ордендерімен марапатталған.

Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы, Қазақстан Республикасының ұшқыш-ғарышкері, Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқыш-сынақшысы, авиация генерал-майоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, Көкшетау қаласының құрметті азаматы.

25 тамыз

***МАРФУҒА АЙТҚОЖИНА
туғанына 90 жыл (1936)***

Марфуға Айтқожина 1936 жылы 25 тамызда Қытай Халық Республикасының, Шыңжаң өлкесіндегі Құлжа қаласында дүниеге келген. 1956 жылы Құлжа әйелдер педагогикалық гимназиясын бітіріп, содан кейін онда оқытушы болып жұмыс істеді. Ал 1958 жылы отбасымен бірге КСРО-ға көшіп келді. 1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, ал 1971 жылы – Мәскеудегі Жоғары әдебиет курстарын бітірді. 1961 жылдан 1969 жылға дейін «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан мұғалімі» газеттерінде қызмет етті.



Қазақтың ақын қызы шет жақта өмірге келгенімен Қазақстан оның ата-жұрты. Атасы Айтқожа суырып салма ақын, топ жарған шешен, 14 жасынан билік айтқан би болған. Кейін қажыға да барған. Тіпті, оны құрметтеген халық Қапал Арасынды Айтқожа арасан, Айтқожа жайлауы деп атап кеткен. Қазақтың ақын қызының тұрсыпаты да атасына тарқан көрінеді. Ол ұзын бойлы, өңі ақ, сақалшашы күмістей ағарған, көзі сәл көгілдірлеу кісі болған.

Халық Марфуға апайымызды жыр аққуы десе, бауырлары, жақындары Біраға деп атайды екен, ал ақын анамыздың шын есімі Маруа. Қажы атасы Меккеге барған кезде Маруа деген тауды көрген екен. Сонда қарт Айтқожа өмірге қыз бала келсе атын Маруа қойындар деп ырымдап, айтып кетіпті. Тіпті, әкесі де Марфуға апайымыздың бала кезіндегі суретінің артына Маруа-Марфуға деп жазып қойған екен. Бұл Құранда биіктік, көтеріңкі шың деген мағынада көрсетілген.

Бала күнінде ата-анасы Мәрпетай деп еркелеткендіктен, бүкіл ауыл да солай атап кеткен екен. Ал, іні-бауырларының бәрі Кіші аға деп атап кетіпті. Оның себебі, кезінде Марфуға ақынның әкесі ел ағасы болғандықтан, оны паналап келгендер көп болыпты. Сол жан-жақтан жиналған адамдар бір отбасы секілді ұйымшыл болып, ауыл құрған екен. Сонда Марфуға Айтқожина бір ауылда алғаш дүние келген бала болыпты. Сөйтіп ата-анасы болашақ ақын қызды ұл бала секілді киіндіріп, 3 жасынан атқа мінгізіп, әлпештеп алдарына алып жүрген екен. Өстіп, ұл бала секілді өскен қазақтың ақын қызын ауылдастарының, бауырларының Кіші аға деп атап кеткені де содан.

Содан да болар Марфуға апайымыз 20 жасқа келгенше аттың үстінде өскен. Ақын өзінің «Қайран Талқы таулар-ай биік неткен» деген өлеңінде айтып өткендей, Марфуға апайымыз аспан тауы, қазақтың Тәңір тауының етегінде өскен. Марфуға ақынның балалық шағы табиғаты сұлу Талқы тауы, Сайрам көлі, Іле өзенін арындап ағып жатқан Құлжа қаласында өтті. Міне, осы керемет сұлулықты, осы бір табиғатты өз көзімен көрген болашақ ақын қыз жас кезінен сұлулыққа құштар болып, таңырқап, таңдай қағып өсті.



Жыр аққуы туып-өскен Сайрам көлінде аққулар көп жүрген екен. Болашақ ақын қыз бала күнінде кешке дейін сол көлдің жағасында жүріп, аққулармен ойнап өсіпті. Тіпті, ақын қыз аққулар ұшып кетпейінше үйіне қайтпай, ойнаған екен. Ал кез-келген баланың аққумен ойнамайтынын білген ата-анасы қыздарын аққу секілді болсын деп, аппақ киім киіндіріп ырымдапты.

Ал кейін 1968 жылы Марфуға ақынның кітабы жарық көріп, ақын анамыз Мәскеуде Жазушылар одағына қабылданған кезде жанама атын Аққу деп көрсеткен екен.

Жыр аққуы атанған Марфуға Айтқожинаның бірнеше романстары мен әндері бар. Соның бірі айтулы «Дара тұлға» деген Елбасына арналған туындысы. Оның әні де, мәтіні де Марфуға апайымыздың жүрегінен туған. Оны қазақтың атақты әншісі Шехмардан Әбілов орындап келген болатын. Қаламынан осындай керемет туындылар туған Марфуға Айтқожина халқы үшін өлең жазып, халқы үшін өмір сүріп жүрген жан.

Марфуға апайымыздың өз жұртындағылар мен нағашылары да шетінен өнерлі адамдар болған. Ал ақын апайымыздың Әлия есімді үлкен қызы да анасына тартқан өнерге жақын адам екен. Ол Жұбанов атындағы музыкалық колледжді, консерваторияны бітірген виолончельші. Оның үстіне күйсандықта ойнағанды жақсы көрген.

Марфуға апайымыздың немерелері де өнерден құр алақан емес. Олардың өздерінің музыкаға деген ерекше құштарлығы бар. Ал, екінші қызы Жанбота жас кезінде өлең жазған екен. Қанша жерден ақыл-ойдың адамы, философ болса да қоңырлатып, қоңыр дауыспен әндетіп, гитарада ойнайды.

Марфуға Айтқожина “Аңсау”, “Аққу жүрек”, Алатаудың Ақ батасы” туындыларында Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін эпикалық кең тыныспен жырлайды. Оның 60-жылдардан бері бүгінгі күнге дейін жиырма бес жыр жинағы шыққан. Алғашқы өлеңдер жинағы “Балқұрақ” деген атпен 1962 жылы жарияланады.



Кейіннен әр жылдары “Шыңдағы жазу”, “Жастық шақ”, “Аққуым менің”, “Қаракөз айым”, “Баянжүрек”, “Көзімнің қарасы”, “Ақ бесігім”, “Жарқыра, менің жұлдызым”, “Қыран жеткен”, “Таңдамалы”, “Сағыныш сазы”, “Жапырақ сілкінген кеш”, “Аңсау”, “Аққу жүрек”, орыс тілінде “Утверждение”, “Голубые голуби”, “Струна степей”, “Горсть земли”, “Украшение коня”, “Летние росы” өлеңдер жинақтары жарық көрді. Ал бірқатар шығармалары болгар, поляк, венгр, чех, парсы және тағы басқа тілдерге аударылған.

1 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ мемлекеттік МҰРАҒАТЫ құрылғанына 105 жыл (1921)

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты - еліміздегі ең алғаш Қазақстанның даму тарихы құжаттарын жүйелеп, бір қалыпқа келтіріп жинақтаған мұрағат.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты өз қызметін Орынбор қаласында 1921 жылы бастаған. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты - еліміздегі ең алғаш Қазақстанның даму тарихы құжаттарын жүйелеп, бір қалыпқа келтіріп жинақтаған мұрағат.

Мұрағат XVIII-ші ғасырдың орта кезеңінен бастау алған революцияға дейінгі құжаттардан бастап осы кезеңге дейінгі құжаттарды сақтауда. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты Қазақстан тарихының үш кезеңінің: кеңестік дәуірге дейінгі, кеңестік дәуір мен еліміздің тәуелсіздігі кезеңіндегі құжаттарды сақтап отырған бірден бір мұрағат. Қазіргі таңда мұрағат 1 миллион 300 шамасындай құжаттар сақтап отыр.

15 қыркүйек

«Ақиқат» журналының жарық көргеніне 105 жыл (1921)

«Ақиқат» журналы қазақ ұлтының айнасы іспеттес басылым. Ол алғаш 1921 жылдың 15 қыркүйегінде Орынборда «Қызыл Қазақстан» деген атпен жарық көрген.

1921 жылы шыққан журналдың алғашқы сандарында ұлттық сипаттағы өзекті-өзекті мәселелер көтеріледі.



«Қызыл Қазақстанның» тұңғыш редакторы Абдолла Асылбеков бастаған Ерғали Алдоңғаров, Мырзағұл Атаниязов, Нәзипа Құлжанова, Нығмет Нұрмақов, Смағұл Сәдуақасов, Ораз Жандосов, М.Фахретдинов, Хамза Жүсіпбеков, Жүсіпбек Арыстанов, Жанайдар Сәдуақасов, Мүтәли Дәулетқалиев, Рақым Сүгіров, Әйтiке Мусин, Сұлтан Сегізбаев, Ә.Байдилдин, Сейділда Төлешев, Ахмет Елшібеков және басқа да алаш қайраткерлері қостаған журналдың тұрақты авторлары патшалық Ресейдің отаршылық саясатының кеңес өкіметі тұсында да жалғасып келе жатқанын, орыстардың қазақты тең азамат санамауын батыл сынға ала отырып, оның асқынған түрі ретінде жергілікті халықтың басты байлығы – жерін тартып алуы қазаққа өте қиын тигенін ашына жазды. Еңбекті насихаттады.

1991 еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, көпжылдық тарихы бар басылым өзінің болашағын айқындап, жаңаша мазмұнмен шыға бастады. Соған сәйкес, 1991 жылдың қыркүйек айынан бастап журнал «Ақиқат» деген атпен шығып келеді. «Ақиқат» атауын ұсынған журналымыздың сол кездегі бас редакторларының бірі, белгілі қаламгер Камал Смайылов.

Қазіргі таңда «Ақиқат» журналы қоғам дамуының маңызды тұстары, соның ішінде саясат, тарих, философия, экономика, мәдениет және филология салаларындағы өзекті мәселелерді уақытылы көтеріп, маңызды да ғылыми құнды мақалалардың жарық көруімен ерекшеленеді. Басылымның заман талабына, уақыт лебіне сай жылдан жылға жасап келе жатқан жарқын жаңалықтары, өсуі мен өзгеру үдерістері оқырманның көз алдында өтіп келеді. Журнал республиканың барлық өңіріне тарайды.

27 қыркүйек

ГРИГОРИЙ МЯСОЕДОВА
туғанына 125 жыл (1901-1943)

Григорий Мясоедов 1901 жылы 27 қыркүйекте Новосергиевка ауылында (қазіргі Орынбор облысындағы ауыл) дүниеге келген.

1925 жылы Ақтөбеге көшіп келіп, жоғары коммунистік ауыл шаруашылығы мектебін бітіріп, партиялық ағарту үйін басқарды.



1941 жылы Мясоедов Жұмысшы-Шаруа Қызыл армиясына шақырылды.

1943 жылдың қазанына қарай аға сержант Григорий Мясоедов Орталық майданның 65-ші армиясының 193-ші атқыштар дивизиясының 895-ші атқыштар полкі ротасының старшинасы болды.

1943 жылы 15 қазанда Мясоедов Беларусь КСР-нің Гомель облысы Лоев кентінің маңында Днепр арқылы өтіп, оның батыс жағалауындағы плацдармды басып алу және ұстау үшін шайқастарға белсенді қатысты.

1943 жылы 19 қазанда ол шайқаста қаза тапты. Лоев ауданының Крупейки ауылындағы жаппай қабірге жерленген.

29 қыркүйек

Қазақ радиосы құрылғанына 105 жыл (1921)

Қазақ радиосы өзінің ғасырға жуық тарихында тұтас бір ұлттың тіршілік тінін, қайталанбас мәдени болмысын ұлағаттап келе жатқан ақпарат құралы. Ол қазақ мәдениетін сыр-жұмбаққа толы сұлу тұрпатында жеткізіп, ән-әуезге малынған алуан үндестікті сұңғыла сөзбен суреттеп келеді.

Қазақ АССР Халық комиссарлары Кеңесі 1921 жылдың 29-шы қыркүйегінде республикалық радиохабарларын таратуды құру жөнінде шешім қабылдады. Қазақстанның сол кездегі астанасы – Орынбор қаласынан қазан айынан бастап республикаға трансляция беріле бастады.

Қазақ радиосы ең алдымен дәуір үні. Бүгінде бұл ұжымның бағдарламалары еліміздің түпкір-түпкіріне естіліп тұр. Яғни, ұлы Даланың үніне айналған Қазақ радиосы ұлттық руханияттың, қазақ өнері мен мәдениетінің қара шаңырағы. Сөз сәні мен тіл тәлімі, ән әрі мен саз сырының кеніші бұл. Қазақ радиосының «Алтын қоры» ұлтымыздың халық ауыз әдебиеті және дала әуезі үндескен дәстүрлі әндеріне бай. Әр жылдары жазылған ұлт қайраткерлерінің теңіз толқынындай ақжал, кесек, келісті дауыстары сол қалпында сақталып, қазір радиотыңдаушының рухани кәдесіне жарауда. Бүгінде «Алтын қорда» 1948 жылдан бері жинақталған 100 000-нан астам фонограмма бар.



Тәуелсіздіктің таңы атып, егемендікті еншілеп, еңселі ел атанған Қазақстанның Қазақ радиосы елі үшін аянбай еңбек етіп келе жатқан ақпарат құралы. Халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, діні, әдебиеті мен мәдениеті жайында тәулік бойы хабар тарата алатын нағыз ұлтжанды ақпарат көзі. Қазақ радиосында 60-ге жуық хабар әуе толқынына жол тартады. Олардың ішінде сан жылдар бой шығып келе жатқан күнделікті, апта сайынғы хабарлар бар. Сондай-ақ радиода сағат сайын екі тілде ақпарат айтылып, жедел хабар таратады. Қазақ радиосы еліміздің 88 пайыз аумағына эфир таратады, күніне 24 сағат әуе толқынына шығады. Ұлттық қазынамыздың тайқазаны атанған қара шаңырақ әлі талай ұрпақтың өмір мектебі бола бермек.

10 қазан

**ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ,
туғанына 115 жыл (1911-1955)**

Ол 1911 жылы 10 қазанда қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Қызыларай қыстауында дүниеге келген. Әке-шешеден жастай жетім қалып, біраз жыл ағасының қолында өседі. Ес білген соң туған ауылында жаңадан ашылған ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады.

1924 жылы Семей қаласындағы интернатта білімін жалғастырады. Қасым онда 1927 жылға дейін тәрбиеленіп, одан әрі үш жыл Семей мал дәрігерлік техникумында оқиды. Алғашқы өлеңдерін де осы кезде жаза бастаған. 1930 жылы Алматыға келіп, біраз уақыт «Лениншіл жас» газетінде істейді. 1931 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түсіп оқиды. Бірақ, денсаулығына байланысты және түскен оқуын да онша ұната қоймағандықтан, бірер жылдан кейін елге оралып, Орал қаласында «Екпінді құрылыс» газетіне қызметке орналасады. Осында жүріп, 1933 жылы Отан алдындағы борышын өтеп, әскерге барып қайтады.

Қасымның арынды ақын ретінде қалыптасуына Орал қаласының тигізген әсері ұшан-теңіз.



Осы өңірде жүріп ол ең алғашқы алаулаған махаббат туралы, жалынды жастық жайындағы жырларын дүниеге әкелді. 1935 жылы Оралдың театр труппасын ұйымдастырып, оның жұмысын іскерлігінің, шығармашылық әлеуетінің арқасында дөңгелетіп әкетті. Бұл труппа тез өсіп, аз уақыт ішінде театр болып құрылды. Осы кездері ақынның әншілік, артистік қырлары кеңінен танылған болатын.

15 қазан

**САЙЫН МҰРАТБЕКОВ,
туғанына 90 жыл (1963-2007)**

Сайын Мұратбеков 15 қазанда Алматы облысының Қапал ауданындағы Қоңыр ауылында туған.

1957–1963 жж. ҚазМУ-де сырттай оқыған, 1971 жылы Мәскеудегі Жоғары әдеби курсты бітірген. 1954–1962 жж. туған ауылында колхозшы, мұғалім, аудандық, облыстық газеттердің әдеби қызметкері, 1962–1972 жж. «Жұлдыз» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағында кеңесші, Көркем әдебиетті насихаттау бюросының директоры, 1972–1977 жж. Қазақстан КП Орталық Комитетінде жауапты қызметкер, 1977–1980 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 1980–1984 жж. Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, 1984–1986 жж. «Жазушы» баспасының директоры, 1988–1991 жж. ҚЖО-ның екінші хатшысы болған. XI сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты.

Жазушының алғашқы шығармалары 50-жылдардың аяғында жариялана бастаған. Содан бергі уақытта әңгімелері мен повестерінің «Менің қарындасым» (1961), «Ауыл оты» (1964), «Көкорай» (1967), «Отау үй» (1968), «Жабайы алма» (1972), «Дос іздеп жүрмін» (1973) жинақтары, таңдамалы шығармаларының бір томдығы (1981), 1986 және 1991 жж. екі томдығы, 2004 жылы «Ескек жел» атты әңгімелер жинағы жарық көрген. 1989 жылы «Қалың қар», 1995 жылы «Өліара» повестері кітап боп шықты.



Алматы баспаларынан орыс тілінде «Дом молодых», «Камен тугай», «Дикая яблоня», т.б. кітаптары, Мәскеу баспаларынан әр жылдары жарық көрген «Дикая яблоня», «На вершине Учкары», «Запах полыни», «У теплого родника», т.б. кітаптары, Ташкентте өзбек тілінде «Евшан иісі», Қазанда татар тілінде «Әрем иісі», украин, белорус, грузин, армян, әзербайжан, литва, т.б. туыстас халықтар тілдерінде әңгіме, повестері, араб тілінде «Жусан иісі» повестері мен әңгімелері жеке кітап болып шықты.

Аударма саласында Ә.Әлімжановтың белгілі роман-повестерін, сондай-ақ Г.Толмачевтің Д.Қонаев, Н.Назарбаев туралы деректі повестерін, Алекс ла Гуманың «Тас ғалам» романын қазақшалаған. «Тел өскен ұл» (реж. Ш.Бейсенбаев, 1976) кинофильм сценарийінің авторы. 2003 жылы «Жабайы алма» повесі үшін Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты атанды.

«Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

1990 жылы «Қалың қар» повесі үшін Қазақстан Жазушылар одағының М.Әуезов атындағы әдеби сыйлығы, 1998 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағы берілген. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2006).

2007 жылы 13 наурызда өмірден өткен.

2 қараша

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН **туғанына 185 жыл (1841-1889)**

Ыбырай Алтынсарин (шын аты – Ибраһим, 1841-1889) – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды.

Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған ол атасының – белгілі би және старшын Балқожа Жаңбыршиннің қолында тәрбиеленді. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және әз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Көп оқыды, Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы ғалым В.В Григорьевпен жақын танысып алды.



Ол өзінің бай кітапханасымен Ыбырай Алтынсариннің еркін пайдалануына рұқсат етті. Білімге құштар жас бос уақытының бәрін де сол кітапханада өткізді. Білген үстіне біле түссем деген құмарлық пен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген абзал арманға ұмтылыс жас Ыбырайдың өмірлік кредосына айналды.

Өзінің мінез-құлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш еді, көп оқыды, өзге халықтардың қол жеткен табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандады. Алған білімін өз халқының пайдасына асыруға талпынды.

16 қараша

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ
туғанына 95 жыл (1931-2002)

Манаш Қабашұлы Қозыбаев (16 қараша 1931 жылы, Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы - 30 қазан 2002 жылы, Алматы) — ғалым. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі. Тарих ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының (1995), ҚР тұңғыш президентінің мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының (1997) және Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың (1970) иегері. Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1986). Қостанай облысының Құрметті азаматы.

Манаш Қабашұлы 1931 жылы 16 қарашада Қостанай облысы, Меңдіқара ауданында туған. 1953 жылы ҚазМУ-ды бітірген.

1953 -58 жылдары Қостанай педогогикалық институтында, 1958-74 жылдары СОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Қазақ бөлімшесінде, 1974-79 жылдары Алматы мал дәрігерлік институтында, кейін ҚазМУ жанындағы Қоғамдық ғылымдар оқытушыларының білімін жетілдіру институтында ғылыми-педогогикалық жұмыстармен айналысты.

1979-86 жылдары Қазақ Кеңес энциклопедиясының Бас редакторы; 1988 жылдан өмірінің соңына дейін осы институт директоры болды. 2002 жылы Алматыда қайтыс болды.



16 желтоқсан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 жыл (1991)**

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде елдің әл—ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады.

Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді.

21 желтоқсан

**ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР
ДОСТЫҒЫНА 35 жыл
(ТМД) (1991)**

1991 ж. Желтоқсанның 8-де Минскіде (Беловеж) Ресей, Беларусь және Украина басшылары кездесіп, 1922 ж. КСРО құрылуы туралы Келісімі істен жойылғандығы және ТМД құрылғандығы туралы келісімге қол қойды. 1991 ж. желтоқсанның 13-інде Орта Азия мен Қазақстан басшылары Ашхабадта кездесіп, «Беловеж келісімін» қолдайтындықтарын мәлімдеді. 1991 ж. Желтоқсанның 20-ында Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан басшылары Алматыда 21 желтоқсанда ТМД-ны құру туралы Келісім хаттамасына қол қойды. Кездесуге қатысушылар ішкі және сыртқы саясаттың әртүрлі салаларында ынтымақтастыққа бейілділігін растайтын, бұрынғы КСР Одағының халықаралық міндеттемелерін орындауға кепілдік жариялайтын Алматы Декларациясын қабылдады.



1993 жылғы желтоқсанда Достастыққа Грузия қосылды, ал 2009 жылғы 18 тамызда аталған бірлестіктен шықты. Түрікменстан ТМД-ның қауымдастырылған мүшесі болып табылады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекет болып табылмайды және ұлтүстілік өкілеттікке ие емес. Ол өзінің барлық мүшелерінің егеменді теңдігіне негізделген және 1993 жылғы 22 қаңтардағы Жарлығы бойынша іс-әрекет жасайды. Достастықтың мүше мемлекеттері халықаралық құқықтың дербес және теңқұқықты субъектілері болып табылады.

АБЫЛАЙ ХАН
туғанына 315 жыл (1711-1781)

Абылай хан (1711-1781 жж.) – қазақ халқының әйгілі ханы, Қазақстан тарихындағы аса белгілі мемлекет қайраткерлерінің бірі. Қазақ мемлекетінің пайда болуы мен өркендеуі және сыртқы саясаттағы жеңістер оның есімімен байланысты. Абылайдың шын аты – Әбілмансұр.

Бір ұрыста үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға «Абылайлап» шабады. Осыдан бастап ол Абылай атанып кетеді. Абылай 1711 жылы арғы тегі Шыңғыс ханның ұлы Жошыдан тарайтын белгілі тұлғалардың шаңырағында дүниеге келген.

Абылай әкесі Уәлиден айырылып, жетімдіктің зардабын ерте тартады. Балалық шағы мен жасөспірім кезі қуғында өтеді. Ол атақты Төле бидің бақташысы болған деп те айтады. Абылайдың аты жоңғарлармен болған шайқаста әйгілі болады. Ұрыстардың бірінде жекпе-жекте жоңғардың батыры Шарышты өлтіріп, «Абылай» деген ұранмен жауға карсы шығады. Қазақ жауынгерлеріне жігер беріп, рухтандырып, шайқаста жеңіске жетеді. Осы жеңістен соң ол Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады.

1771 жылы Түркістанда Абылайды ақ киізге көтеріп, қазақтардың үш жүзінің ханы етіп тағайындайды.



Абылай Қазақ мемлекетінің саяси бірлігін қалпына келтіріп, ірі мемлекетке айналдырды. Ресей мен Қытай арасында жүріп, Қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысты. Екі мемлекетпен арақатынасты бірдей ұстап, халқының өз туған жерінің қожасы, өз тағдырының иесі болуын көкседі. Оның данышпандығы мен көрегендігі арқасында кең байтақ Ұлы Далада ұзақ уақыт бойы бейбіт заман орнады.

Абылай хан он жыл билік жүргізді. Осы мерзім ішінде ешкімнің қолынан келе бермейтін істерді атқарды. Ол билік жүргізген он жылдың Дала тарихына Абылай дәуірі боп кіруі тегін емес. Сол уақытты қазақ халқы зор құрметпен еске алады.

Абылай хан 1781 жылы 70 жасында өмірден қайтты. Тарихи ұлы тұлғаның денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне қойылған. Халық жадында ол тәуелсіз Қазақ мемлекетінің символы іспеттес.

АҚЫЛБАЙ АБАЙҰЛЫ ***туғанына 165 жыл (1861-1904)***

Ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлы ата жолымен атастырып алған бәйбішесі Ділдәдан 16 жасында бала сүйеді. Осы 1861 жылы туған тұңғыш баласын Ақылбай деп атайды. Ол туғанда Абайдың өзі де жас, енді ғана жаңа отау құрып отырған кезі еді. Құнанбайдың төртінші, кіші әйелі Нұрғаным бала көтермегендіктен, Ақылбайды кішкентайынан бауырына алып, асырап алады. Сол себептен де Ақылбай жас күнінен Нұрғанымның тәрбиесінде болып, Құнанбайдың кенже баласы атанып өседі.

Өз кіндігінен бала болмаған Нұрғаным Ақылбайды кішкентайынан бетінен қақпай, айтқанын істеп, ерке бала қылып өсіреді. Құнанбай Ақылбайды тоғыз-он жастарға келгенде молда Ғабитханға оқуға береді. Ғабитхан Ғабдыназарұлы Құнанбай ауылының балаларын оқытатын, қазақ арасына әскерден қашып келе жатып сіңіп кеткен ноғай молдасы еді. Одан сегіз жасынан бастап Абай да мұсылманша дәріс алған. Ғабитхан Есенбай жырарсы деген жерде 1857 жылы Құнанбай салдырған медреседе, одан кейін 1880 жылдардан бастап Абайдың Жидебайда тұрғызған медресесінде дәріс берген.



1932 ашаршылық жылдары қайтыс болған Ғабитханды Жидебайдағы Зере мен Ұлжан зиратына жерлеген. Ақылбай төрт-бес жылдай осы молдадан оқу оқиды. Оның діни сауаты осы жыл-дармен, осы оқумен тамамдалған. Нұрғаным қолында өскен Ақылбай Абайға іні ретінде қарап өскен. Жас кезі, бозбалалық шағы әкесінен алыс өткендіктен, ол орысша оқи алмай қалады. Оның оқу-білімі ауылда Ғабитхан молда оқытқан діни, мұсылманша оқумен шектеледі.

АХМЕТ ИШАН ОРАЗАЙҰЛЫ
туғанына 165 жыл (1861-1926)

Ахмет ишан Оразайұлы - ишан, тәуіп. Әкесі Оразай ишаннан сауатын ашып, кейін Бұхарадағы діни медреседе оқыған. Сарысу, Телікөл бойын жайлаған Бағаналы елінде мешіт пен мектепті қатар ұстап, екі рет Меккеге қажылық сапармен барып қайтқан.

Білімдарлығы мен ақыл - парасаты, әділдігімен Ақмола, Торғай, Жезқазған дуандарына аты мәлім болған. А.Байтұрсынов, М.Дулатовтармен хабарласып, «Қазақ» газетін шығаруға қаражат жағынан қолдау көрсетіп отырған. Газет бетінде қазақ балаларының оқулығына бәйге жариялап, отырықшы өмірдің артықшылығы туралы мақалалар жазған. Саяси-қоғамдық, әлеуметтік істерге де белсене араласқан. 1961 жылы патша үкіметінің жарлығына қарсы Бағаналы елі көтерілгенде, сол көтеріліс басшыларының бірі болып, төбе биі болып сайланады. Тоғыз болыс Бағаналы елінің отырықшылыққа көшуіне бас болып, Сарысу өзенінен Сіңіртек бойына канал қаздырып, егін салдырған.

Ахмет ишанның тәуіп ретінде де аты шыққан. Сыр елінде шешек ауруына қарсы алғаш егу жұмысын жолға қойып, балалар өміріне араша тұрады. 1922-1923 жылдары Сарысу бойын жайлаған тырысқақ (оба) ауруына қарсы күресте қызы Бибісара екеуі мыңдаған кісінің өмірін сақтап қалған.



БӨЛТІРІК ӘЛМЕНҰЛЫ ***туғанына 255 жыл (1771-1854)***

Бөлтірік Әлменұлы — қазақтың көрнекті шешені, биі, батыры. Бөлтірік Әлменұлы 1771 жылы қазіргі Жамбыл облысының Шу ауданындағы Шоқпар темір жол станциясы маңында дүниеге келген.

Бала кезінен-ақ ақындық, шешендік сөз өнеріне және батырлыққа бейім болған, есейген шағында ел арасындағы жер, су, еңбек, құн және жесір дауларына талай әділ төрелік айтқан. Ел арасындағы тапқыр, ұтқыр сөздерді, тақпақ, терме, аңыз әңгімелерді жаттап, оны жастар арасында айтып, қызық думан құрған. Ел арасында «Бөлтірік айтыпты» деген шешендік сөздер көп. Бөлтіріктің «Аппақ сақал қараңғы түнде айдай көрінеді», «Ұры қары деген атақ алыпты», «Төре баласы мен түйе ботасы», «Хан баласына бата», «Қырғыз-қазақтың байлық айтысқаны», «Құдайдың өзі оңғарар», «Даудың түбін қыз бекітеді» секілді сөздері аз сөзбен көп мағына берудің үлгісі болып табылады.

Соның бірінде Бөлтірік шешен «Арғымақ атта жал болмас, жабы келіп жалыменен теңесер», - деп түйіндейді. Бөлтіріктің шешендік сөздері қырғыз, өзбек халықтары арасында да кездеседі.

Бөлтірік сонымен бірге мерген, саяткер, ат үстінен алдырмайтын шабандоз, батыр болған. Есейген шағында ел арасындағы жер, су, жесір дауына, жайлау, қыстау, еңбек жөніндегі талас-тартыстарға араласып, әділ де шешен төрелік айтқан. Сондықтан да халқы оны қалап, би сайлап алған. Зорлықшыл, қиянатшыл, барымташы, басбұзар, жалақор, алаяқтар Бөлтірік бидің қара қылды қақ жарған әділ билігінен беті қайтып, әшкереленіп отырған. Ондайлар Бөлтірік отырған жерден сескеніп аулақ жүрген. Бөлтірік шешен тек қана қазақтар арасында ғана емес, қырғыз, өзбектерге де белгілі, беделді шешен болған.

Не бір төрелер, бектер, бай, манаптар оның өткір сөзінен, бетің бар, жүзің бар демей тіке айтатын жөн-жосықты билік-шешімінен аяғын тартқан. Бөлтірік шешен 1854 жылы дүниеден қайтқан. Оның үрім-бұтақтары Жамбыл, Шымкент, Алматы облыстарының қалалары мен далаларында еңбек етеді.



ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ
туғанына 160 жыл (1866-1937)

Әлихан Бөкейхан – ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында кеңінен қанат жайған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және жетекшісі, Алашорда ұлттық аутономиясы Халық кеңесінің төрағасы болды.

«Алаш» қозғалысы жетекшісінің іс-қимылы мен рөліне қазақтың қазіргі заманғы тарихында алғаш рет, 1920 жылдары осылай баға берілді. Қошмұхаммед Кемеңгерұлы (Қошке Кемеңгеров) «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан», – деп жазды.

ХХ ғасырдың бас кезіндегі саясаткерлердің бірі, тарихшы, журналист, жазушы және драматург Қошмұхаммед Кемеңгерұлы бұл очеркін 1922 жылы аяқтап, 1924 жылы Мәскеудегі СССР халықтарының орталық баспасынан шығарды. Совет өкіметінің қуғын-сүргініне ұшыраған Әлихан Бөкейхан өмірінің соңғы 15 жылын осы Мәскеуде өткізіп, Кремльдің жіті бақылауында болған еді.

ДИНА НҰРПЕЙІСОВА
туғанына 165 жыл (1861-1955)

Дина Нұрпейіс келіні (1861-1955) – қазақтың әйгілі күйші композиторы. Туып өскен жері Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданына қарасты Бекетай құмы деген жер. Топырақ Алматы қаласынан бұйырған. Қазақстанның халық әртісі (1944). Халық өнерпаздарының 1937 жылы өткен республикалық байқауына қатысып 75 жасында халық аспаптарын тартатын өнерпаздардың Москвада өткен Бүкілодақтық бірінші байқауында, одан кейін 1944 жылы 83 жасында Орта Азияның бес республикасынан өнерпаздар қатысқан Ташкенттегі он күндікте Дина тағы да жүлделі орындарды жеңіп алады. Әкесі белгілі домбырашы адам екен, қызы Динаға 8 жасынан бастап-ақ сол өнердің қыр-сырын үйрете бастаған.



Оның ұлы күйші Құрманғазымен алғаш кездесуі де осы кез. 8-9 жасар Дина ұстазының күйлерін үйреніп қана қоймай, оның күйшілік-орындаушылық өнердегі ерекшеліктерін, дәстүрін жалғастырады. Динаның тырнақалды «Бұлбұл», «Байжұма», «Көгентүп» атты күйлерінде халықтың күйшілік дәстүрі айқын сезіледі. 1916 жылғы оқиғаға шығарған «1916 жыл» күйінде Құрманғазының Исатай мен Махамбетке арнаған «Кішкентай» күйінің әсері байқалады. Дина ата-ана шаңырағында бұлаңдап өскен жас кезінің өзінде ақ Дәулеткерей, Мүсірәлі, Әлікей, Түркеш, Ұзақ, Есжан, Байжұма, Баламайсаң сияқты күшілердің күйін нәшіне келтіре тартып, төңірегі «домбырашы қыз» деп атаған. Қаршадай қыздың даңқын естіп, әйгілі Құрманғазы арнайы іздеп келген.

Ол Динаның домбыра тартысына сүйсініп, болашағынан үлкен үміт күтіп, батасын берген. Осыдан кейін Динадан көз жазбай, үнемі айналып соғып, додалы күй айтыстарына ертіп барып, домбыра тартудың терең сырларын үйретеді. Дина тоғыз жасынан бастап он тоғыз жасына дейін, қашан ұзатылғанша Құрманғазының баулуында болады. Құрманғазыдай дәулескер күйшінің ұстаз болуы Динаның ғана бақытты болып қойған жоқ, исі қазақтың күй өнерінің бақыты болды.

Дина 1880 жылы Беріш ішіндегі Бесқасқа руынан шыққан Тұрманұлы Қанас деген жігітке тұрмысқа шығады. Қанас пен Динадан Нұрпейіс атты бір ұл туған. Алайда, алғашқы перзенті дүниеге келген соң Қанас көп кешікпей қайтыс болады. Дина ата салтымен қайын інісі Шәпекке қосылады. Күйеуінің атын атамайтын дәстүр бойынша Дина күйеуі Шәпекті «Жәпек» деп атайтын болған. Кейбір деректерде «Жәпек» деп жазылуы содан. Динаның алғашқы күйеуінен көрген перзенті Нұрпейіс 14 жасында қайтыс болады. Кейін ел ішінде санақ па, сайлау ма, әйтеуір бір тізім алу атай алмаған Дина фамилиясының орнына қайтыс болған тұңғышы Нұрпейістің есімін атаған. Міне, Динаның Нұрпейіс келіні атануының сыры осында. Жәпек пен Дина бақытты ғұмыр кешіп, берекелі жанұя құрған.



КЕРДЕРІ ӘБУБӘКІР **туғанына 165 жыл (1861-1903)**

Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлы (1861-1903), ақын. Зираты Жабасай қорымында. Кіші жүз Жетіру тайпасының Кердері руынан шыққандықтан, ел арасында **«Кердері Әбубәкір»** атанған. Бабасы - Таран тұқымынан, өнерпаздар көп шыққан. Өз әкесі Боранқұл қолөнер шебері әрі сауықшы адам болған. Ер шауып, ағаштан түйін түйіп, тыным таппай, шоқандап отыратындықтан, жеңгелері **«Шоқан»** атаған. Ел арасындағы осы лақап атымен бірқатар зерттеушілер Әбубәкірді Шоқанұлы деп келді. Әбубәкір ауыл молдасынан сабақ алып, кейін Орынбор, Троицк қалаларындағы мектеп, медреселерді бітірді. Тұзтөбе, Орал, Ақтөбе, Ор, Орынбор маңындағы елдерде бала оқытты, дін шариғат жолын ұстады. Сауатты, сергек, шешен, ақындық өнерді ардақ тұтатын Әбубәкір біраз жыл ел әкімдерінің қасында жүріп, хатшылық қызметтер атқарды. Сарыарқа, Оңтүстік және Батыс Қазақстан өңіріндегі ақын, жырауларды жақсы білген. Шығармалары 1902, 1905 ж. «Әдебиет қазақия, яки Әбубәкір молланың сөздері» деген атпен екі дүркін жарияланған. Өлең-толғаулары ел арасына кең тараған. Туындылары өлең, толғаулар, хат-өлеңдер, арнаулар, айтыстар, шежіре-жырлар түрінде келеді. Өлең толғауларында заман, адам, дін, өнер, ғылым, әдет-ғұрып, имандылық, мінез-дағды туралы тебіренді, дәуір бағдарын байқап, халқымыздың бағзы тұрмыс-тіршілігі мен хал-жағдайын жырлады. Өлең, толғаулары «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Бес ғасыр жырлайды» (1985, 1989) жинақтарында жарияланған. «Қазағым» аталатын жеке жинағы 1993 ж. жарық көрген. Әуезов «Әбубәкір өмірі мен шығармалары» жөнінде зерттеу-мақала жазған. Ол зерттеуі М. Жолдыбайұлымен және Ә. Қоңыратбайұлымен бірігіп жазған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құрамы» деген кітапта жарияланған.



ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ
туғанына 145 жыл (1881-1944)

Ойыл өңірінен шыққан текті тұлғаның бірі — Шығанақ Берсиев. Ақтөбе облысының Ойыл ауданындағы «Құрман» колхозының звено жетекшісі, тары өсірудің әйгілі шебері. Ол әуелі «Құрман» колхозында мұрап, 1938 жылдан звено жетекшісі болып істеді.

Шөлейтті аймақтың ауа райына қарамастан, ұзақ жыл бойы Берсиев тарыдан мол өнім алды. Оның звеносы әр гектардан: 1939 ж. 25,5; 1940 ж. 155,8; 1941 ж. 165; 1942 ж. 175; 1943 ж. 201 ц өнім жинады. Берсиев тарыға арам шөптен таза, құнарлы жер тандап алып, оған қой қиын төкті.

Сеялкамен әр гектары 20 кг-нан тоғыспалы әдіспен 5–6 см тереңдікке тұқым сеуіп, топырақты ауыр ағаш катокпен тегістеді. Өсімдіктің өсіп-жетілу кезеңінде егістікті 4 рет суарып, 2 рет үстеп қоректендірді. Берсиев жаз бойы егістіктің 3 рет арам шөбін отап, кейде оған күл мен құс саңғырығын шашты. Ол тарыны пісуіне қарай тандап оратын.

ҚАЗАНҒАП БАЙБОЛОВ
туғанына 135 жыл (1891-1945)

